

«Бекітемін»
МКҚК «Күншуақ» бөбекжайы»
меңгерушісі: *А. Раман* Р.И. Айтжанов

07-01

Күнтізбелік тақырыптық жоспары. Орта топ

Саз жетекшісі: Халикулова Ф.А.

Ақсукеңт 2021-2022 жыл

Орта тобының күнтізбелік тақырыптық жоспары.

Білім саласы: «Музыка»

№	Мазмұны	
1	Тақырыбы: «Кір қуыршақ» Мақсаты: қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, му-зыкалық қабілетін дамыту.	
2	Тақырыбы: «Шар» Мақсаты: әнді айта отырып түстерді ажырата білуге үйрету. Есту қабілетін дамыту.	
3	Тақырыбы: «Сылдырмақ» Мақсаты: сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдылану.	
4	Тақырыбы: «Доп» Мақсаты: музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқып-ты ұстауға, оларды энге қосып айтуға үйрету.	
5	Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: әуенді сергек айту, тыңдау, ойын-қимыл арқылы ырғақты сезіндіру.	
6	Тақырыбы: «Жау, жаңбыр» Мақсаты: музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.	
7	Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: ойын арқылы көңілсіз. «өңілді әуендерді сезіндіру.	
8	Тақырыбы: «Жемістер бағында» Мақсаты: музыкаға деген сезімін ояту, қарапайым ырғақтармен билеуді үйрету.	
9	Тақырыбы: «Күзгі қойма» («Алма» ертегісі бойынша) Мақсаты: музыканы тыңдата отырып ішкі сезімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталату.	
10	Тақырыбы: «Бақшаға барамын» Мақсаты: балалардың музыкаға деген кұштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.	
	Тақырыбы: «Кәне, қызық ойын бар»	

11	Максаты: музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін арттыру.
12	Тақырыбы: «Мерекелік эн мен би» Мақсаты: балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасауға үйрету.
13	Тақырыбы: «Қысқы әуен» Максаты: қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру.
14	Тақырыбы: «Аязата, Қаршақыз» Мақсаты: қыс кейіпкерлерімен танысу. Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру.
15	Тақырыбы: «Аққала» Максаты: тыңдау ынтасын тәрбиелеу, ширак және сабырлы сипатын (тіл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну.
16	Тақырыбы: «Шыршамызға арнаймыз» Мақсаты: музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау.
17	Тақырыбы: «Орманға саяхат» Мақсаты: ойын арқылы балалардың есту, сезіну, эн айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжетті-ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.
18	Тақырыбы: «Ақтиін» Максаты: сюжетті-рөлді ойындарға катысуға қабілеттерін әрі қарай дамыту, әуенді есту, сезіну, энді бірге бастап, бірге аяқтап хормен айтуға үйрету.
19	Тақырыбы: «Көңілді достар» Мақсаты: қуыршақ кейіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай жалғастыру.
20	Тақырыбы: «Ертегілер елінде» Максаты: қуыршақ театры арқылы балаларды шығармашылыққа баулу, әуен Сипатын ажыратып, қимылдауға, эн айтуға дағдыландыру, достыққа, Камқорлыққа тәрбиелеу.

21	Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.
22	Тақырыбы: «Анашым» Мақсаты: анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету. Ата-анасын сыйлауға, кастерлей білуге тәрбиелеу.
23	Тақырыбы: «Ақ эжем» Мақсаты: балаларға Қазақтың салт-дәстүрі жайында мағлұмат беру, ұлттық салт-сананы санасына
24	Тақырыбы: «Әй-әй ата» Мақсаты: қазақтың киелі аспабы домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.
25	Тақырыбы: «Шуақты көктем» Мақсаты: әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.
26	Тақырыбы: «Әдемі көбелек» Мақсаты: көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту.
27	Тақырыбы: «Торғайлар» Мақсаты: әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру.
28	Тақырыбы: «Жау, жаңбыр» Мақсаты: табиғи дауыспен ән айтуға, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету.
29	Тақырыбы: «Төлдер» Мақсаты: театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.
30	Тақырыбы: «Мысық кашады, күшік қуады». Мақсаты: түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу.
	Тақырыбы: «Тауық пен балапандар» Мақсаты: дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Аспаптардың дыбысталу тембрін айыру. Әнді орындауға баулу.

31	Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?» Мақсаты: музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.	
32	Тақырыбы: «Көңілді би» Мақсаты: би қимылдарын еркін орындауға, түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу, дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын калыптастыру.	
33	Тақырыбы: «Қайсы екен қолымыз?» Мақсаты: музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу. Көркем-ойындық бейнелерге тән қимылды көрсете білуге, дене мүшелерін атап, көрсете алуға тәрбиелеу.	
34	Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар?» Мақсаты: музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.	
35	Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.	
36		

Орта ТОБЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАЛАРЫ

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Кір қуыршақ»

Мақсаты: қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: қуыршақ, ойыншық, бесік.

Сөздік жұмыс: бесік жыры, қуыршақ.

Оқу іс-әрекетін ің кезеңде рі	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді. Үстел үстінде қуыршақ отырады. Қуыршақтың үсті-басы лас. Жуын, жуын, жуынсаң. Қандай жақсы, қуыршақ! Әйтпегенде, бөпешім, Кірлеп кеткен екенсің. Қазір аппаң баласың, Қуанады анашың. (М. Жаманбалинов) Балалармен тазалық туралы әңгіме өткізу.	Балалар музыка әуенімен залға келеді. Қуыршақты қызықтайды. Балалар өленді тыңдап, не туралы екенін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	- Балалар, қараңдаршы, қуыршақ қандай күйде? Көне, киімін ауыстырайық. Шашын жөндейік. Қуыршақ шаршады, енді ұйықтатайық. Бесікке салып тербетеді. Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ж.Тұрсынбаев, Е.Өтетілеуұлы). «Бесік жыры» қай кезде айтылады? Оны орындағанда қалай отыру керек? Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі көмектеседі. Баланы ұйықтатар алдында баяу дауыспен ән салып, бесікті жай тербетеді. - Бала ұйықтады, енді біз ән айтайық. «Кір қуыршақ» әні(И.Нүсіпбаев, Ж.Қашқынов). Ән айтар алдында дауысты калыпка келтіріп алу. Әнді айта отырып, балаларға адамгершілік тәрбиесін беру. Тазалыққа, әдептілікке шақыру. Әркашан жуынып, таза жүру керек, айтқанды тыңдап, үлкендердің мазасын алмау керек. «Бала у ату» ойыны (музыкасын жазған Е.Өміров). Балалар шеңбер жасап, тізені бүгіп отырады. Көздерін жұмады. Ортада 2-3 бала ойыншық ұстап тұрады.Әуен ойналғанда ортадағы балалар отырған балаларға білдірмей алдарына ойыншықтарды қояды. Алдында ойыншық тұрған бала ойыншықты алып, ортаға шығуы қажет. Ойын қайталанады.	Балаларды тазалыққа шақырып, өздерінен көбірек жауап алу. Балалар жауап беруге тырысады. Балалар музыка тыңдай отырып, тыныштық сақтауға тырысады. Балалар ән айтады. Дауысқа жаттығу жасау, сұрақтарға жауап беру. Әнді әуенмен дұрыс орындауға тырысады. Балалар шеңбер бойымен тізелерін бүгіп, көздерін жұмады. Көздерін ашқанда алдында ойыншық тұрған бала ортаға шығады.
Рефлекс	Музыка жетекшісі іс-әрекетке белсене араласқан балаларға мақтау айтады, мадақтайды.	Балалар қол бұлғап қоштасады.

иялық- тузетуш ілік		
---------------------------	--	--

- Күтілетін нәтиже:**
- Біледі:** әнді барынша таза айтуды.
- Игереді:** *балауату, кір қуыршақ, бесік жыры* деген түсініктерді.
- Меңгереді:** шеңбер жасап отыруды, көздерін жұмып, музыка әуенін тыңдау

Тақырыбы: «Шар»

Макеаты: әнді айта отырып түстерді ажырата білуге үйрету. Есту қабілетін дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: әртүрлі шарлар, шығыршықтар (обруч).

Сөздік жұмыс: қызыл, сары, көк.

Оқу іс- Әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациял ық қозғаушылы қ	Көнілді музыка әуенімен балаларды музыка залында қарсы алады. Балалар санына сай түсті шарларды дайындау.	Балалар музыка әуенімен залға келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді. Орындарында тұрып айналады. Тізені бүгіп серіппелі кимылдар жасайды.
Ұйымдастыр ушылық ізденістік	Балалардан шар туралы сұрау: - Түсі қандай? Қалай ұшады? Ал енді осы шар туралы ән тыңдаймыз. Ән айту: Енді өткен сабақта үйренген «Кір қуыршақ» әнін еске түсіреміз. Әнді алдымен әуенін еске түсіріп, содан кейін сөзін қайталау. Ән айту кезінде дауысты дұрыс шығаруы, бірін-бірі тыңдап айтуы қажет. Ән тыңдау: «Шар» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев). Қызыл, сары, көк шар. Қолымызда көп шар. Балалар қолдарындағы шарларын кезек- кезек көтереді. «Әуеде қалқиды» деген жерде шарларын қалықтата бұлғауы керек. Әннің сөзін қайталап, әуенге қосылып айтулары қажет. Алдымен әуенді бірнеше рет қайталайды. Одан кейін түгел шумақты айтуы тиіс. Екінші шумағы да осы әдіспен үйретіледі. «Өз тусіңді тап» ойыны (музыкасын жазған Г. Омаров). Балалар төрт топқа бөлініп, төрт түрлі шарлар ұстайды. Ортаға төрт түске боялған төрт шығыршық қойылады. Музыка аяқталғанда әрқайсысы өздерінің түстеріне сәйкес шығыршыққа жиналуы қажет. Қай топ тезірек жиналса, сол топ жеңіске жетеді.	Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады. Әнді тыңдай отырып қолдарын көтереді. Шарларын қалықтатады. Әннің әуенін дұрыс тыңдап, таза айтуға тырысады. Сөздің екі жолын үйренеді, әуен есте қалған кезде келесі екі жолын үйренеді. Артынан шумақты түгел айтады. Әнді айғайламай айтуға тырысады. Әнді бірге айтуға тырысады. Балалар залда еркін кимылдар жасап, өз түстеріне лайық шығыршықты табуға тырысады. Музыканы тыңдай жүріп, музыка аяқталғанда тез жиналуға әрекеттенеді.
Рефлексиял ық- түзетушілік	Балаларды мақтау, мадақтау, қорытындылау.	Балалар қоштасып шығады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сөзін анық, әуенін нақышына келтіріп айтуды.

Игереді: түстерді ажырата білуді.

Менгереді: музыка әуенімен еркін жүгіріп, музыка тоқтағанда өз түс- терін таба білу
дағдыларын дамытуды.

Тақырыбы: «Сылдырмақ»

Мақсаты: сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдылану.

Қолданылатын көрнекі құралдар: сылдырмақтар.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды көңілді музыка үнімен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, т.б. Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырадпы біздерді.(Н. Әлімқұлов)- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Балалар жауап бере алмаса, көмектеседі.	Балалар музыка әуенімен залға келіп, жүреді, жүгіреді. Серіппелі тізе бүгеді, айналады. Өлеңді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Күзде жемістер піседі, қысқа дайындық жасаймыз.- Қандай жемістерді білесіңдер? Музыка тыңдау: «Күз - жомарт» (Д. Ботбаев, Е. Өтетілеуұлы).- Балалар, жомарт деген сөздің мағынасы мырза, берекелі деген сөз. Күзде жемістер піседі, егін жиналады, қысқа дайындық жасалады. Күнбіртіндеп суыта бастайды.Ән шумағы жай орындалады, ал кайырмасы өте көңілді, жылдамырақ орындалады.Ән айту: Өткен сабақта айтылған әндерді қайталау. Музыка жетекшісі әнді балалардың естеріне түсіре отырып орындайды. Ән орындау ережелерін естен шығармау. Бірін-бірі есті отырып, үндесіп айтуға үйрету.«Шар» әнін ортаға шеңберде тұрып, қимыл жасап айту.Ән үйрену: «Сылдырмақ»(Е. Хасанғалиев, А. Асылбек). Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің сөзін үйретіп, екі жолын энге қосады. Түгел шумақты үйреткен соң, «Шак-шак-шак» деген жерде қолмен ұрады. Әнді түгел үйреніп болған соң, сылдырмақты таратады. Сылдырмақты ырғаққа үйлестіре отырып қимыл жасау. Бәсең жерінде жай ұрып, ширақ жерінде қатты қағу.«Сылдырмақпен ойын» (Б. Дәлденбай). Шеңбер жасап, қолдарына сылдырмақ алады. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, арттарына жасырып, шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра алады.	Балалар өздеріне таныс жемістерді атайды. Балалар музыканы тыңдайды. Шумағы мен кайырмасы арасындағы айырмашылықты ажырата тыңдауға тырысады. Өткен сабақтағы әнді ескетісіріп, орындайды. Шеңбер бойында тұрып, қолдарын кезек-кезек көтеріп, аспанда қалықтаған қимылдар жасайды. Балалар әннің мәтінін қайталайды. Әуеніне қосылып, бірінші шумактан соң сылдырмақты жай соғып, екінші шумактан кейін қатты соғады. Балалар музыка ырғағына сай қимылдар жасайды. Шеңбер бойымен жүгіреді, сылдырмақты жасырып, аяқтарын топылдатады.
Рефлексиялық түзетушілік	- Сонымен, қазір жылдың қай мезгілі? - Қандай жемістерді білесіңдер? - Қандай ән айттық? Қорытындылау, бағалау, мадақтау.	Балалар қоштасып, топқа оралады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды.

Игереді: музыкамен сылдырмақты жоғары көтеруді, артына жасыру- ды, отыра қалуды.

Меңгереді: әуенмен ілесе ырғақты қимылдар жасауды.

Тақырыбы: «Доп»

Мақсаты: музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқып- ты ұстауға, оларды энге қосып айтуға үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: доп.

Сөздік жұмыс: доп, секеңдеу.

Оқу іс- әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотиваци ялық қозғаушы лық	Балаларды музыка залында көңілді әуенмен карсы алады. Амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, музыка әуеніне ілесе кимылдар жасайды. Доп Шаршамайсың, шалдықпайсың, доп, калай?Секіресің, секеңдейсің тоқтамай. Асыкканда арықтан да аттайсың, Бірақ суға түссен дағы батпайсын. (Р. Тышканбаев)	Балалар бірінің соңынан бірі тізіліп, музыка залына келеді. Әуенге сай кимылдар жасайды. Доп туралы өлеңді тыңдайды.
Ұйымдаст ырушылы қ ізденістік	-Балалар, сендер доппен ойнап көрдіңдер ме? Допты жерге ұрсаң, өзіңе қайтып келеді. Допты теуіп ойнауға болады, бір-біріңе лақтырып, кагып алып ойнауға болады. Музыка тыңдау: «Доп» (музыкасын жазған Т. Ломова).-Музыка калай ойналды? Тез, көңілді, жеңіл.Балаларға доптын секіргенін музыка тілінде түсіндіру, ұғындыру. Ән айту: Өткен сабақтарда айтқан әндерді қайталау.«Кір куыршақ» әнінде не туралы айтылды? «Шар», «Сылдырмак» әндерін еске түсіріп айту. Ән айтар алдындағы ережелерді естен шығармау. Денені тік ұстап, әнді еркін айту. Жаңа ән: «Доп» (Б. Қыдырбек,А. Асылбек).Әннің мәтінін үйретіп, әуенге косады.Жай, қатты деген жерінде дауыстыбәсеңдетіп, қаттырақ шығара айтуғадағдыландыру.Әнді үйретіп болған соң, доппен ойнау,доппен кимылдар жасап жалғастыру. «Допқа кім тез жетеді?» ойыны. Музыка ойналғанда музыка жетекшісі допты лақтырады, балалар доптын соңынан куады. Кім допка тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады.	Ба.цалар жауап береді. Балалар музыка жетекшісінің айтқанын І қаріталайды. Балалар өткен әндердің мәт-інін естеріне түсіріп, әнді орындайды. Әнді көңіл қоя үйренеді, «жай» деген жерінде дыбысты жай шығарып, «қатты»деген жерінде дауысты көтеріп айтады. Доптың соңынан куады. Кім тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады. Қолдарын белдеріне ұстап, шеңбер жасап тұрады. Музыка ойнағанда екі кадам алға аттап, үш рет аяқты топылдатады. Екі кадам артқа шегініп, үш рет аяқты топылдатады. Екеуден қол ұстасып, жай айналады.
Рефлексия лық түзетушілі к	Корытындылау, мадақтау, марапаттау.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенге қосылып қимыл жасауды.

Игереді: доп туралы түсініктерді.

Меңгереді: би элементтерін жасап үйренуді.

Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?»

Мақсаты: әуенді сергек айту, тыңдау, ойын-қимыл арқылы ырғақты сезіндіру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: бұлт, күн, таяқшалар.

Сездік жұмыс: тык-тық, сәлем, жаңбыр, жау, күн.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	«Колхоздағы той» әуенінің ырғағымен балалар залға кіреді. «Сәлем, сәлем, балақай» әнін айтып қарсы алу. Айналайын балалар, Маған қарап тұрыңдар. Аяқтарды тік түзеп, Амандасып алыңдар. Сәлем, сәлем, балақай, Сәлем, сәлем, балақай! Музыка залының бір бұрышы күзге лайық көрнекі құралдармен жабдықталған. Айналага қараңдар, Бұл қай мезгіл, балалар? Балалардың назарын дайындаған көрнекі құралдарға аударып, қызықтырып, жайғасып отыруларын сұрайды.	Балалар көңілдене кіреді. Шеңбер бойымен жүріп келіп, бір қатарға тұрады, әнді тыңдайды. «Сәлем, сәлем, сазды әуен, Сәлем, сәлем, әсем саз!» - деп жауап беруге тырысады. Жеміс-жидек пісетін, сары жапырақ түсетін «Алтын күз» мезгілі.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Ұнтаспадан күркіреген найзағай мен жаңбыр дыбысы естіледі. Ілінген үлкен бұлт пен Күнге балалардың көңілін аударады. Музыка тыңдау: «Жаңбыр». (Еденге бұлттың кішкентай пішіндері мен күннің шуақтарын араластырып, алдын ала дайындап қою). Ән айту: «Күн мен жаңбыр». Әнді айтып беру, атрибуттарды қолдарына ұстатып, қозғалтып, қимылдарды үйретеді, қайталатады. - Балалар, балалар! Қараңдаршы, Күннің көзі күліп тұр! Шуағын шашып тұр! - деп, әуенге сай қимылдарды, қозғалыстарды көрсетеді, қайталатады. Би: «Вальс» (А. Аренский). «Орамалмен билейміз», - деп, би ырғақтарын әдемілеп орындау, орамалымыздың әдемі екенін көрсету, оңға-солға бұлғау. Орамалды қолға ұстап, алға-артқа, төмен-жоғары көтеріп желпілдету. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіру. «Жау, жаңбыр» ойыны. Әр балаға барабан таратылады, екі таяқшасымен барабанды соғып, «қатты», «жай» дыбыстарын тындатып, ажыратқызу. «Күн мен жаңбыр» әуенін ойнатып, жаңбыр жайлы айтылғанда таяқшамен барабанды жай соғып, «бұлттар төніп тұрады» деген жерінде барабанды таяқшамен қаттырақ ұрып көрсету. Күн жайлы айтылғанда таяқшаларды жоғары көтеріп, біріне бірін ұрады. Басқа қимылдарды музыка жетекшісінің қалауымен дамыта түсуге болады. Ырғақты тыңдап, үлестірмелі құралдарды қалай пайдалану керектігін көрсетеді, ойынға қызықтырады.	Балалар күркіреген дыбысты тыңдап, бұлтқа қарайды, көңілді әуенді тыңдайды. Балалар Күнге қарайды, әннің мәтінін, әуенін тыңдап, қосылып қимыл жасауға тырысады. Балалар күн шуағын ұстап: «Күн күледі, ля-ля-ля» деп айтуға талпынады. Орамалды алға-артқа, төмен-жоғары бұлғау қимылдарын қайталауға тырысады. Ойынға көңілді қатысуға тырысады, қызығады. Балалар барабанды көрсетілгендей соғуға, жақсы орындауға талпынады және ырғақты дыбысты сезіне ойнауға тырысады.
Рефлексиялық түзетушілік	- Жаңбыр қай мезгілде жауады, қалай жауатынын пысықтап айтып, көрсетеді. - Сендер белсене қатыстыңдар! Жарайсыңдар! - деп мақтайды.	Күзде жауады. Қол бұлғап қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдауды, айтуды.

Игереді: таяқшаларды ұстауды, барабанды ырғақпен соғуды.

Менгереді: жүгіруді, ырғақпен шапалақтауды, қолдары мен саусақ-тарын қимылдату.

Тақырыбы: «Жау, жаңбыр»

Мақсаты: музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.

Қолданылатын көрнекі құралдар: шатыр, күн, бұлт, күз, шуақтар, таяқшалар.

Сөздік жұмыс: күледі, қалады, домалау, жаңбыр.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды «Сәлем, сәлем, балақай» әуенімен қарсы алу. Шенбер бойымен жүріп, қатарласып тұруды, әуенге қосыла қайталап айтуды үйрету. Балаларға әуеннің сәлемдесу әні екенін айтып түсіндіру.	Балалар әуенді тыңдай жүріп залға кіреді, жүреді, қатарға тұрады. Әуеннің сәлем, келеміз, алақай сөздерін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Балаларға «Күн мен жаңбыр» әнін (Г. Абдрахманова) қайталау. Зал іші күз мезгілі бейнеленген және Күннің жарқырап күліп тұрған, жаңбырдың себелеп жауып тұрған суреттерімен безендіріледі. Күн жайлы айтылғанда шапалақ соғуды сұрау. Шуақтармен ырғақтарды қайталап көрсету. Жаңбыр жайлы айтылғанда «тырс-тырс» деп айта отырып, қол саусақтарын сол қол алақиясына тырсылдату естеріне түсіреді, үйретеді, қайталайды. Әнді еркін айтуды сұрайды. «Күн мен жаңбыр» ойын («Ақ желкен» СД). Ұнтаспал, жанбыр үні естілгенде қолшатыр зстына тығылу. Әннің қайырмасына жеңіп секіріп, би қимылдарын жасау. Ойын екі-үш рет қайталануы.	Балалар әуенді есіне түсіреді. Күз, Күн, жаңбыр, су бейнеленген суреттерге қарап, дұрыс айтуға талпынады. Ырғақтарды шапалақпен соғуды қайталайды. «Тырс-тырс» дыбысын, сөздерін анық айтып, саусақтарын тырсылдату қайталайды. Күн күркірегенде қолшатыр астына тығылады. Әуенге ілесіп, өкшесін қоюға, секіруге, бір орында айналуға машықтанады.
Рефлексиялық түзетушілік	-Балалар, сендер қандай ? -Сендер жақсы ән айтып. &илеп бердіңдер, - деп мақтайды Қоштасады.	Балалар қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, сақтауды, әнді сүйемелдеумен ілесе айтуды.

Игереді: әуеннің ыңғайына қарай жасырынуды, таяқшаларды ұстау -

ды, саусақтарын тықылдатып соғуды -

Меңгереді: шапалақсоғуды, шуақтарды ұстап сермеуге дағдыланады.

Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр»

Мақсаты: ойын арқылы көңілсіз. «өңілді әуендерді сезіндіру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: үлкен Күн, үлкен бұлт, бала са- нына қарай шуақтар.

Сөздік жұмыс: күн, жаңбыр, шуақ.

Оқу іс- әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация лық қозғаушыл ық	Балалармен амандасу. Күн шуағын көрсетіп, әндетеді: Күннің көзі күлімдеп, Бізге қарай ашылды. Жылуымен жылытып, Шуақтары шашылды.	Балалар қатармен келіп тұрады. Күнге қарап, әуенді көңілдене тындайды.
Ұйымдасты рушылық ізденістік	- Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне, бәріміз Күнге жакындап тұрайық. (Бұлт суретін көрсетеді. Күркіреген найзағай, жаңбыр тырсылын ұнтаспадан тындатады).Музыка тыңдау: «Балалар мен жаңбыр» (Г.Абдрахманова). Балалар әнді тындап, соған лайық кимылдар жасайды. «Орамалмен билейміз»(Е.Брусиловский). - Балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Әуен көңілді ойнағанда, көңілді секіріп ойнаймыз, ал Күн тығылып бұлт шыкса, бәріміз отыра қаламыз, екі қолымызды жоғары көтеріп түйістіреміз (Қолшатырды пайдалануға болады). «Күн» (М.Т. Потапенко. Көңілді шығарма). «Жаңбыр» (А.Менжанова).	Балалар жауап береді. Балалар тыңдауға тырысады. Балалар шеңберге тұрады. Мәтінге қарай кимылдар жасауға тырысады. Қолдарына орамал алып, би ырғақтарына ілесе орындауға талпынады. Ойынға көңілдене катысады. Музыка әуені басталғанда қуанады, шаттанады. Жаңбыр әуеніне қолдарын шатыр жасап отыра қалуга тырысады.
Рефлексия лық түзетушілік	- Балалар, Күн шуағы сендерге рақмет айтып, келесі жолы тағы да келіндер деп шақырып жатыр. Күнмен қоштасайық. Сендер өте жақсы катыстыңдар.	Балалар Күнге басын иеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көңілді әуенді сезінуге үйренеді.

Игереді: музыка әуенімен күннің шуақтарын ұстауды.

Меңгереді: музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды.

Тақырыбы: «Жемістер бағында»

Мақсаты: музыкаға деген сезімін ояту, қарапайым ырғақтармен би билеуді үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: алма ағашы, алма, аю, қоян, кірпі, қарға, жылжымалы суреттер, жемістер.

Сөздік жұмыс: шырқату, алма ағашы, жомарт күз.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалармен көңілді амандасу. Балалар, келіңдер, Ертегі тыңдап көріңдер! («Алма» В.Сутеева)- Күз мезгілінде бау-бақшадағы піскен жемістер жиналады. (Фланелеграф бойынша суреттерді жылжыта отырып әнгімелейді).- Күздің соңында ағаштардың бәрі босаған, ал мына ағаштың басында жалғыз алма калып қойыпты. Қоян секіріп, алмаға жете алмайды. Содан кейін ұшып бара жатқан Қарғаға: «Маған алманы алып бер!» - деп бұйырыпты. Қарға алманы үзіп жатқанда жерге түсіріп алады. Алма жорғалап бара жатқан Кірпінің үстіне түсіп, оны Кірпі алып кетеді.	Балалар залға бірінің соңынан бірі кіріп, қатарға тұрады. Амандасады. Суретке мұқият қарап, ертегіні тыңдайды. Көргендерін айтады: Қоян келді. Қарға ұшып келе жатыр. Кірпі алманы алып кетті.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Ал, балалар, жүріңдер, Әнді тыңдап көріңдер, - деп Г.Абдрахманованын ертегіге арнап жазылған «Алма, саған ризамыз, дөңгелене қоршаймыз» әнін орындау. Балаларды шеңбермен алып жүру, қимылын көрсетіп, әнді айтуға үйрету. -Балалар, алманы алуға не келді? -Онда қоян болып секірейік. -Одан кейін не келді? -Кәне, кәне, ұшайық, қанатымызды қағайық. -Тағы да не келді? -Алманы қайсысы алып кетті? Музыка тыңдау: «Куз» (С.Кибирова). Балалар, ертегіні әрі қарай музыка әуенімен тыңдап, не болатынын білейік. Бұл шығарма өте баяу, созыңқы, нәзік екен. (Фланелеграфпен суретті көрсетіп, ертегінің соңы не болғанын сұрап, балаларды қызықтыру). Сөйтіп, Кірпі алманы алып бара жатса, Қоян мен Қарға жібермей: «Менікі, менікі», - деп таласыпты. Осы кезде алдынан Аю шыға келіпті: -Мені оятып жіберген кім, а-а-а-а?! -Балалар, кәне бәріміз орнымыздан тұрып, Аюмен бірге қорбандап жүріп ән айтайық. Музыка тыңдау: «Қоңыр аю қорбаңбий» (Музыкасын жазған Б. Дәлденбай). Аю сәл ойланып барып, алманы бәріне бірдей бөліп беріп, барлығын татуластырады. Ойнаймыз, ойнаймыз, Ойынға біз тоймаймыз. «Қандай жеміс жетпейді?» ойыны. Қоян бізге жемістер беріп жіберіпті. Балаларға жемістерді көрсетіп, атап айтқызу. Бәрін көрсетіп барып, бетін орамалмен	Балалар шеңбермен жүріп, музыканы тыңдайды. Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын қайталайды. оян келді. оян болып секіреді. Қарға келді. рға болып канат қағады. рпі келді. ма Кірпінің үстіне түсті. лмаға таласып жатыр» деп айтуға тырысады. балалар «Аюдың келуі» жаттығуын жасайды. балалар Аюға алманың оқиғасын айтып береді. йнаймыз. ма, алмұрт. Балалар көріп, келесі ойнағанда есіне сақтап калуға тырысады.

	жабады. Сездірмей бір жемісті алып қояды да, қайтадан сұрайды. Бұл есте сақтау қабілетіне арналған ойын.	
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалар, ойынға өте жақсы қатыстыңдар, келесі келгенде жемістердің бәрін естеріңе түсіріңдер. Жарайсыңдар!	Балалар қатарға тұрып коштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, әңгімелеп айтуды.

Игереді: музыка әуенімен Аю, Қоян, Қарға қимылдарын жасауды, же- містерді ұстауды.

Менгереді: музыка ырғағымен шеңбермен жүру, шеңберді кішірейту, үлкейту қимылдарын біледі.

Тақырыбы: «Күзгі қойма» («Алма» ертегісі бойынша)

Максаты: музыканы тыңдата отырып ішкі сезімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, кимылдарды ілесе қайталату.

Қолданылатын көрнекі құралдар: алма ағашы, коян, қарға, кірпінің баскиім-кеудешелері, жемістер.

Сөздік жұмыс: келе ғой, ризамын, бәріміз.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Балаларды «Сәлем, балақай» әнімен қарсы алу. - Балалар, «Алма» ертегісіне барғанымыз естеріңде ме? Енді бүгін өздерің сол кейіпкерлерді ойнайсыңдар, келістік пе? (Залдың ортасында алма ағашы тұрады.)- Олай болса, бәріміз отырып, «Күз» атты шығарманы (С.Кибирова) тыңдайық, ертегімізді бастайық.	Балалар әнді есіне түсіріп, қосыла айтуға ынталанады. Шығарманы тыңдауға тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	- Балалар, «Алма» ертегісін есімізге түсірейік, кейіпкерлері нелер еді? Балаларды ағаш айналасына үш топқа бөліп отырғызу (қояндар, кірпілер, қарғалар. Аюдың рөлінде жетекшінінөзі). «Балалар биі» (музыкасын жазған А.Майкапар).Балаларға №1, №2, №3, №4 жаттығуларын айтқызу, кимылдат^, . (келесі қайталауда балалар Топ rapтМН ауыстырып отырғызуға болады).Ән айту: «Қоянның келуі», «Қарғалардың әуені», «Кірпіні шақырамыз».1-жаттығу ырғақтарын көрсету: «Алма, алма, түсе ғой».Сегіздік нотаны қысқа қайырып, төрттік нотада тұрып қалып, колд^рЫШ жоғарыға көтереді.2-жаттығу. Қояндарды отырғызы п ортаға қарғаларды шақырады. «Алма» әнін айтады. (Е.Тиличеева, Сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова) Қарғалар сөзіне лайық ұшу кимылдарын жасап, ағашты айнал^щ жүреді. Ағашта ілулі тұрған қағаз алмалар жерге түседі.3-жаттығу «Кірпінің келуімен» басталады, кірпілер тізерлей жүріп кіреді (ағашты айналып, алдын ала дайындалған кеудешелерді киеді). Тағы да бір айналып, орындарына барады. Жаттығуды бірте-бірте жоғарЫ> бірте-бірте төмен айтқызып үйрету 4-жаттығу. «Аюдың келуі» әнін (Н.Гуварджи, Ж.Қалжанова) айтаді,, Аю, аю, аюдың Ацылы көп басында. Ынтымақпен аңдар жүр, Тірлігін жасап қасында. Педагог Аю рөлінде ойнап кіреді. -Аюжан, біздің ағаштағы алмаға ҚОян, Қарға, Кірпі таласып, бөлісе алмай жатыр, сен бізге көмектесші. Аю: Алманы кім тапты? («Аюдың келуі» әуеніне сегіздік нотамен айтылады). Алманы кім түсірді? Алманы кім ұстап алды? Аю: Беріндер, беріндер, Бірдей бөліп көрейін. Бәрің де, бәрің де Тату-тәтті жүріңдер. (Алманы алып, бірдей бөліп береді). «Сиқырлы дорба»	Қоян, Қарға, Кірпі Балалар дауыс-кимыл жаттығуларын қайталап айтуға, кимылдауға талпынады. Қояндар секіреді. Қолдарын жоғары созып көрсетеді. Қояндар орнына барып отырады. Әнді сөзімен айта жүріп ұшуға үйренеді, тырысады. Кірпілер тізерлеп кіреді, айналып жүреді, кетеді. Қояндар, қарғалар, кірпілер жаттығуды бірте-бірте жоғары, бірте- бірте төмен айтып Аюды шақырады. Балалар Аюға қарап, бәсен дауыспен айтуға тырысады. Балалар бірінші қатты дауыспен, екінші бәсен дауыспен айтады. Қояндар: Алманы біз таптық. Қарғалар: Алманы біз түсірдік. Кірпілер: Алманы біз ұстап алдық. Кірпілер алманы береді.

	ойыны (ішінде жемістер, көкөністер, т.б. заттар болады). Балалардың көзін байлауға болады (колын дорбаға салып, қарамай, нені ұстағанын айтады).	Цеңбермен жүріп, айтуға тырысады. Балалар жемістер мен көкөністерді ұстап ажыратуға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалар, өте керемет ойнадыңдар, «Сиқырлы дорба» сендерге жемісін сыйлайды,-деп алдын ала дайындалған алма, алмұрг, т.б. балаларға үлестіреді. Мактайды, коштасады.	Балалар жемістерді алып қуанады, коштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, дыбыстарды бірте-бірте көтеруді.

Игереді: музыка ырғағымен кейіпкерлердің дауысын салуды, әндетуді.

Меңгереді: аю болып қорбандап жүруді, қоян болып секіруді, кірпі болып тізерлеуді, шеңбермен жүруді.

Тақырыбы: «Бақшаға барамын»

Мақсаты: балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: балабақша өмірі туралы суреттер. **Сөздік жұмыс:** балабақша.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка залында балаларды көңілді музыка әуенімен қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіру, серіппелі қозғалыс жасау, айналу. Бізге тәртіп үйреткен, Ән салдырып билеткен, Әріптермен, суретпен Таныстырған біздерді Педагог тәтеміз. (О. Аскар) - Балалар өлең кім туралы жазылған? - Балабақшада не үйренесіңдер?	Балалар музыка үнін ести отырып, сол музыкаға лайық қимылдар жасайды. Балалар өлеңді мұқият тыңдайды. Кім туралы айтылғанын тауып, жауап беруге тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі: Біз балабақшада не істейміз? Балабақша сендерге ұнай ма? Тағы немен айналысамыз? Музыка тыңдау: «Сяби қуанышы» (Е. Құсайынов) - Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? - Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Ән айту. Өткен әндерді қайталау. Ән айту кезінде иықты көтермей, денені тік ұстап айтуға дағдыландыру. «Бақшаға барамын» (музыкасын жазған Ө. Байділдаев, сөзін жазған К. Сүлейменов). Әнді алдымен музыка жетекшісі орындап береді. - Әнде не туралы айтылды? - Бақша сендерге ұнай ма? Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Ән көңілді ме, көңілсіз бе? Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағы келесі сабақта жалғастырылады. Әуенді қимыл-қозғалыс: «Дастастық» (музыкасын жазған Р. Рустамов) - Балабақшада балалар бір-бірімен кейде ренжісіп, өкпелеп қалады. Содан кейін көп ұзамай татуласады. Қазіргі үйренетін биіміз «Дастастық» деп аталады.	Балалардың жауаптары: Ойнаймыз, тамақ ішеміз, серуендейміз, өлең айтамыз, ертегі тыңдаймыз. Балалар білгендерінше жауап беруге тырысады. Жүгіруге, жеңіл айналуға болады. Балалар өткен сабақтағы әндерді естеріне түсіріп қайталайды. Балабақша туралы әнді көңілді айтуға тырысады. Алдымен бір-біріне арқаларын беріп, өкпелеп тұрады. Аяқтарымен жерді ұрады. Әуен өзгергенде бір-біріне қарап қолдарын шапалақтайды, тез айналатын жерінде қол ұстасып бірге айналады да, соңында құшақтасып татуласады.
Рефлексиялық, - түзетушілік	Қорытындылау, мақтау, бағалау.	Қуана қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: сүйікті балабақшалары туралы.

Игереді: көңілді, көңілсіз, өкпелеу, дастастық деген түсініктерді.

Менгереді: би қимылдары арқылы өкпелеу, татуласу қимылдарын.

Тақырыбы: «Кәне, қызық ойын бар»

Максаты: музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін арттыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: аттылы адамдар, атшабыстың суреті, ат басының бейнесі кигізілген таяқ.

Сөздік жұмыс: төрттаған, атшабыс.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Музыка әуеніне ілесіп қимылдарды нақты, дәл жасауға талпынту.	Амандасады. Шенбер бойымен жүгіреді. Музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасайды
Ұйымдастырушылық ізденістік	-Балалар, мына суреттерге қараңдаршы, кімдерді көріп тұрсындар? -Атқа мінген адамдар, ат шабысын көріп тұрсындар. Музыка тыңдау: «Төрттаған» (музыкасын жазған Б.Дәлденбай). -Аттың шабысына ұқсай ма? Аттың шабысын көз алдарыңа елестетіндерші. Аттың төрт аяғының шабысын музыка тілінде беруге тырысқан. Өткен әндерді қайталау. Ән айтар алдында денені түзеп, басты тік ұстап, қатты айғайламай, әуенді дұрыс айтуға тырысу. Өткен сабақтағы әндерді естеріне түсіріп, мәтінін анық, толық айту. Ән үйрену: «Кәне, қызық ойын бар» (эстонның халық әні, өндеген А.Роомере, аударған И.Сапарбай). Әннің мәтінін жаттап, әуенін үйрену. Әуенді айта отырып қимыл жасау. Қайырмасында қолдарын буыннан қозғалтып, орындарында тұрып айналу. «Қолымызды жаяйық, құстай канат қағайық» деген жерінде қолды жайып, канат секілді қағу керек. Қимылдарды бірдей жасауға үйрету. «Атжарыс» ойыны. «Төрттаған» музыкасымен балалар жарысып ойнайды. Екі-екі баладан жарысады, кім бірінші болып межеге келсе, сол бала жеңіске жетеді.	Балалар суретке карап, жауап беруге тырысады. Музыка тыңдәйды. Сұраққа жауап беруге тырысады. Аттың шабысын музыка тілінде түсінуге әрекет жасайды. Өткен сабақтағы әндерді айтады. Балалар әннің мәтінін айта отырып, мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. «Ля-ля-ля» деген жерінде музыка жылдамырақ ойналып, балалар орындарында тұрып, қолды буыннан бұрап айналдырады. Балалар таяқты ат етіп мініп шабады, жарысады. Тезірек межеге жетуге тырысады.
Рефлексиялық түзетушілік	Музыка жетекшісі сабақты қорытындылап, балаларды мақтайды, мадақтайды.	Қоштасып, топқа оралады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнмен қосылып қимыл жасауды.

Игереді: *төрттаған, атжарыс* деген ұғымдарды түсінуді.

Меңгереді: аттың шабысын, атқа отырып шабу дағдыларын.

Тақырыбы: «Мерекелік эн мен би»

Мақсаты: балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасауға үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: жалаушалар, құлынның, аттың суреті.

Сөздік жұмыс: жалауша, көкпеңбек.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка залына қолдарына жалауша алып, көңілді маршпен кірген балаларды қарсы алады. Атша шабуға үйрету. Оң аяқ алда, сол аяқ он аяқты қуатынын айту, қимылмен көрсету. Аттын шабысын салып жүгірту.	Балалар залға марш музыкасымен қуанышпен келеді. Атша шабуды келтіреді. Оң аяқ сол аяқты қуғанын жүгіріп көрсетеді
Ұйымдастырушылық ізденістік	- Балалар, біз аттың шабысын салдық. Сендер кішкентай адамсыңдар, яғни баласындар. Ал аттын кішкентайын, яғни төлін құлыншақ дейді. Музыка тыңдау: «Құлыншақ» (музыкасын жазған Қ.Шілдебаев, сөзін жазған И. Сапарбай). - Құлыншақ өздеріңдей балалардың досы эрі серігі. Музыка тез, ойнақы ойналды. Өйткені құлыншақтар сендер секілді шауып жүргенді жақсы көреді. Эн айту. Өткен әндерді қайталау. Дауысты қатты айғайламай шығару. Ережелерді еске түсіру. Үйрену: «Мерекелік эн мен би». Эннің мәтінін үйрету. Энде мереке жайлы айтылып отыр. Көк аспандай көктіңбек жалаушаларды энге қосып айту. Мерекеде көңіл күй қандай болады? Жалауларды қалай бұлғаймыз? Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Эннің шумағын үйреніп болған соң, жалаушалармен жаттығу жасату. Жалаушалармен жаттығу: 1-Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру; қайтатүсіру. 2-Қолды жоғары көтеріп, денені оңға, солға иілту. 3.Жалаушаны жоғары көтеріп, орындарында тұрып айналу. 4.Жалаушаны ұстап жүру. Келесі сабақта қимыл түрлерін ауыстыру.	Балалар музыка тыңдайды. Құлыншақ туралы білгендерін айтады. Өткен сабақтардағы әндерді естеріне түсіреді, қайталайды. Балалар эннің мәтінін қайталайды. Әуенін үйренеді. Жалаушалармен жаттығулар жасайды. Балалар музыка жетекшісіне қарап, көрсеткенін қайталап, бірге жасауға тырысады.
Рефлексиялық түзетушілік	-Бүгін қандай эн айттық, эн ұнады ма? -Қандай малдың төлі туралы эн тыңдалды? Қорытындылау, мақтау, мадақтау.	Иә, ұнады. Қоштасады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: мерекелік көңіл күйді сезінуді.

Игереді: мерекелік жалаушаның түсін ажыратуды.

Меңгереді: жалаушалармен қимыл жасау дағдыларын.

Тақырыбы; «Қысқы әуен»

Максаты: қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, му- зыканы тындауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру.

Көрнекі құралдар: кішкентай шырша, ойыншықтар, қоян атрибут- тары, ойыншықтүлкі. «Қолғап» ертегісінің жинағы және үстел үсті шир- масы.

Сөздік жұмыс: шырша, ойыншықтар, қоян, аю, қасқыр, бөлтірік.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды көңілді күймен қарсы алу, амандасу. Кішкентай шыршаны ортаға әкеліп қояды. Балаларды шыршаның әшекейлерін көруге шақырады. Міне сулу шыршамыз,Қуанамыз баршамыз.Әсем-сұлу жұлдызша, Жарқырайды қулпыра.Ойыншықтар әртүрлі Ілініпті қараса, -деп, шыршаның әдемі безендірілгенін көруге шақыру.	Балалар залға тізіле кіріп амандасады. Балалар кішкентай шыршаға тамсана қарай ды. Балалар шырша басы на карап қуанады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	- Кәне, балалар, мен сендерге «Шыриамызға арнаймыз» әнін айтып берейін, сендер мұқият тыңдаңдар. (Музыкасы Е.Тиличеева, сөзін лайықтаған Г.Абдрахманова).Балалардың зейінін ойыншық қояндар мен түлкіге аудару (олар шырша түбінде отырады). Әуенді-қимылды ойын: «Қояндар мен қу түлкі» (Музыкасы Г. Филаровский,сөзін лайықтаған Г.Абдрахманова).Балаларды ойынға әндете шақырады. Балаларға қоянның атрибутын кигізеді, педагог ойыншық түлкі кейпінде өзі ойнайды. Үстел үстіне шыршаны қойып, балаларды саусак театры н көруге шақыру. (Халық әні «Х'айләйлім»,музыкасын лайықтаған Б. Дәлденбай,сөзін лайықтаған Г.Абдрахманова).«Қолғап» орыс халық ертегісін айтып беру, әр кейіпкердің әуенін қосыла айтуға үйрету. Ертегідегі Тышқан, Бака, Көжек, Түлкі, Бөлтірік, Қабан, Аю кейіпкерлерінің бейнесін саусакка киіп, дыбыстарын және қимылдарын көрсетіп, әндете айтып жеткізу.Мысалы, Тышқан, Бака қимылдарын секіріп, дыбыстарын келтіріп көрсету. Балалардан дыбыстарды, қимылдарды қайталап жасауды сұрау.-Көжек, түлкі, бөлтірік, қабан, аюлар қалай жүреді? - деп сұрайды.«Үйір болды қолғапқа» сөзін созып айтуды үйретеді.-Аңдардың бәрі ненің ішіне кіріп алды? КүшіГІ жүгіріп шығып, атаның алдында қимылдап жатқан қолғапты көріп, зүпілдеп үре бастайды. Аңдар күшік дыбысынан қорқып қаша жөнеледі.-Не қаша жөнеледі? -Күшіік қалай дыбыстайды?	Балалар әнді тыңдайды. Балалар шырша түбінде отырған қояндар мен түлкіге қарайды. Музыкасын тыңдап, ойнауға тырысады, қимылдарын ілесе жасайды. Балалар театр кейіпкерлеріне қызыға қарайды. Үстел үсті театрына қызыға карап тыңдайды. Әнді тыңдап, ертегі кейіпкерлеріне қызығушылықтары арта түседі, қосылып айтуға тырысады. Тышқан, Бака, т. б. қимылдарын қайталауға талпынады. Балалар жеңіл, 'ІЯК ұшымен әуенге'лес'п жүгіреді. Қолғапқа. Секіруге талпы*іады- «Аңдар қашты»'деп жауап беруге тырыса;ібі- Әуіп-әуіп.
Рефлексиялық- түзетушілік	«Сой.іейтін бубен» ойыны. Бубен балаларды мақтайды, дұрыс жауап берген тапсырмаға «Жа-рай- сың», «ө-те жак-сы» деп жетекші бубенді ырғақпен ұрады. Балалардың ырғақты сезінуін дамытады. «Қолғап»	Балалар барлық кейіпкерлердің аянышын, қорқынышын, қуанышын сезіне қабылда\ га талпынады.

	ертегісіндегі кейіпкерлердің дыбыстары мен КимылДарын музыка сөзімен жеткізуге үйретеді. - Ата қолғабын сендерге сыйлайды, оларды жақсы тыңдап отырдыңдар, - деп мұндақтайды, қоштасады.	Балалар ойынға қызыға катысады, ырғақты сезіне біледі. Қоштасады.
--	---	--

- Күтілетін нәтиже:**
Біледі: музыка тыңдауды, кейіпкерлердің кимыл-әрекетіне мұқият болуды.
Игереді: кейіпкерлердің эмоцияларын қабылдауды.
Меңгереді: жандар жүрісін, секіруін, дұрыс сөйлеуін.

Тақырыбы: «Аяз ата, Қаршақыз»

Мақсаты: қыс кейіпкерлерімен танысу. Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру.

Көрнекі құралдар: қуыршақ Аязата, Қаршақыз, кішкентай үстел, шырша, кішкентай шаналар, ленталар, шамдар.

Сөздік жұмыс: алақай, Аязата, Қаршақыз, шырша, аяз.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды қарсы алу, амандасу. Б.Бейсенованың «Шырша жыры» әнімен шеңбермен жүруді, дөңгелене тұрып алақан қағуды жасату. 2-шумакта ортаға адымдайды, артқа адымдайды. Қайыrmасында орындарында тұрып екі қолын жоғары көтеріп, секіреді. Балаларды жайғастырып отырғызып, қыс кейіпкерлерімен кездесетіндерін айтады.	Балалар залға кіріп, амандасады. Музыкамен жүруді, шапалақтарын ырғақпен қағуды қайталайды. Ортаға адымдау, кері қарай адымдауды, секіруді үйренеді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Үстел үстінде кішкентай сәнді шырша тұрады.«Шыршамызға арнаймыз» әнін айтып беру, балалардың көңіл күйін көтере отырып, сөздеріне мән береді, шапалақты ырғақпен қағуын сұрайды.Ойыншық шаналарды үстел үстіне қойып, қимылды ойынға шақыру. Халық әні «Сәулем-ай» әуеніне салып, «Аязата сенбісің?» ойынын мәтініне қарай жасауды ұсынады. Ойынның шартын түсіндіреді. Жетекші шыршатүбіндегі қуыршақ Аязатаны шақырып, балалардыңкөңілін соған аударады. Аязата: Балалар, балалар, неге шулап жатырсыңдар? Жетекші: Аязата, амансыз ба? Бізбен ән айтып, би билеңіз. «Билейміз Аязатамен» (музыкасын жазған Э.Фасхудинова, сөзін жазған Г.Абдрахманова) әніне балалардың шеңбермен жүріп билеуін ұсынады.Балалармен бірге шыршаны айналып жүру, кенет қуыршақ Қаршақызды көрсетіп, назарларын соған аударады. Қаршақыз: Балалар, мені тывдандаршы. Мен Қаршақызбын. Сендермен танысайын, ойнайын деп келдім. Ойнайсыңдар ма?(Ақ ленталарды қыздарға ұсынады. К.Қуатбаевтың «Көңілді би» әуенімен қимылдар жасауға шақырады).	Балалар шыршаны көргендерін айтып,естеріне түсіреді. Балалар әнді ілесе айтуғатырысады, ырғақтытындап, шапалақты қағуға тырысады.Балалар әуенмен қимылдарды жасап,түсінуге тырысады.Балалар Аязатаға көңіл бөліп, тыңдайды.Балалар амандасады.Шеңбермен жүреді, тыңдайды, айтуғатырысады. Балалар Қаршақызғақарап қуанады. Ойнаймыз!Қыздар ілесе жүріп, ленталармен билеуге тырысады. Отырған ұлдар қуана сандықшаға жакындайды, шамдарды алып, әнді айтуға, билеуге тырысады. Балалар, қуыршақтарға қарап, оның ойыншық екенін айтады. «Билейміз Аязатамен». Жок, ұмытпаймыз. Ленталармен. Сандықшанын ішінде шамдар бар.
Рефлексиялық түзетушілік	Аязата: Менің сандықшамда ұлдарға әкелген сыйлығым бар.Педагог сандықшанын ішінен шамдарды алып, ұлдарға таратады, қолдарына ұстап тұруға үйретеді.«Шамшырақтар» әніне (музыкасы А.Матмен, сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова) қимылдар жасауды ұсынады.	Балалар қуыршақ Аязата мен Қаршақызға жауап беруге талпынады, қоштасады

Күтілетін нәтиже:

Ріледі: музыканы тыңдауды, сөздерін қайталауды.

Игереді: шананы ұстауды, ленталарды сермеуді, шамдарды ұстауды,

Меңгереді: шеңбер бойымен жүруді, аяқ-кол қимылдарын қайталау-жүруді.

Тақырыбы: «Аққала»

Максаты: тыңдау ынтасын тәрбиелеу, ширак және сабырлы сипатын (тіл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну).

Көрнекі құралдар: үстел үстінде жұмбақ жаттығуға арналған баскак, баскиім, мұрын, сыпырғыш.

Сөздік жұмыс: аппак, Аққала, топ бала.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды жылы шыраймен қарсы алу, амандасу. Ортаға кішкентай шырша қойылады. «Шырша жыры» әнімен балаларды сергіте жүруге, секіруге, қол ұстасып шеңбермен жүруге шақырады. Ән ырғағы мен мәтінді тыңдап, балалардың қимылдар көрсетулерін сұрайды. Балаларға әуенмен жұмбақ жасыру тәсілін түсіндіреді. Баспалдақ арқылы дыбыстар жоғары көтеріледі және төмен түседі, қайталанады. «Баспалдақ» дауыс жаттығуы.	Балалар залға кіріп амандасады. Балалар әнді тыңдай жүріп, жетекшіге қарап, қайталайды, би қимылдарын жасауға талпынады. Баспалдаққа қарап, жетекші дыбыстарды төменнен жоғары айтатынын ұғынуға тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденеістік	«Аққала» жұмбақ-жаттығуы: Ойлаңдар да ойнаңдар, Сәбіз мұрын кімде бар? Шелек киген басына, Айтыңдариіы, балалар? -Сонымен ол кім екен, балалар? Жаттығу (жоғары, төмен дыбыстарға арналған). Балаларға баспалдақпен төмен қарай айтуды жеке-жеке шақырып үйрету. Тыныс алу жаттығуын ойын арқылы көрсету. Аққала: Балалар, мен еріп бара жатырмын, көмектесіңдерші! «Аязата сенбісің?» әнін қайталауды ұсынады. (Өткен сабақтан қайталау. Музыкасы Б. Дәлденбай, сөзін лайықтаған Ж. Әбдірашев). «Аққала» әуені ойналып, балаларға әуені мен қимылы үйретіледі, көрсетіледі. Кез келген баланы ортаға шығарып, Аққала кейпінде ойнауға шақыру. Әннің соңы жылдам музыкаға айналады. Жылдам музыкамен көңілді жүгіреміз, кашамыз, тоқтағанда қозғалмай, қатып қалу керек. Балаларға келесі ойынның шартын түсіндіру. «Аққаланы кім жылдам киіндіреді?»	Балалар сөзін тыңдайды, «Аққала» деп жауап беруге тырысады. Балалар қолымен баспалдақты жоғарыдан төменге қарай жылжытып отырып, дыбысты сәбей жауап беруге тырысды. Аққалаға көмектесу үшін оған үрлейді, тыныс дем алу жаттығуын қайталайды. Әнді қайталап айтуға тырысады. Шеңбермен жүріп әнді орындауға талпынады. Балалар көңілді жылдам жүгіреді, мүйізгенде тоқтай қалуға тырысады.
Рефлексиялық түзетушілік	-Балалар, біз кіммен ойнадық? -Енді өздерің далаға серуенге шыққанда Аққаланы жасап көріңдер. Сау болыңдар!	Балалар қоштасады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: тыңдауды, қайталауды, дыбыстарды таза айтуды.

Игереді: дыбыс жаттығуын, баспалдақпен дыбыстарды жоғарымен айтуды.

Меңгереді: мәтініне қарай қимылдарды тыңдап жасауды.

Такырыбы: «Шыршамызга арнаймыз»

Мақсаты: музыкалык театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау.

Көрнекі құралдар: шырша шам, лента, әшекей-жылтырақ, сәбіз, сыпырғы, шелек.

Сөздік жұмыс: шырша, Аязата, Қаршақыз, ккала.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Қаршақызбен топтарды аралап, мерекеге шақыру. «Арша» (музыкасын жазған Б.Қыдырбек, сөзін жазған И.Сапарбай) әнімен балалар музыка залына колдарына түрлі түсті әшекей- жылтырақтар ұстап кіреді, шырша айналасына тұрып билейді. Қаршақыз: Келіндер, келіндер! Ертегіге өлең айтып, би билеп,сыйлық алыш көріңдер!	Балалар көптен күткен мерекеге сәнді киімдерімен келеді. Көңілді ән ырғағымен балалар шыршаны айналып жүреді. Қаршақызға карап, қуаныш сезімдері оянады
Ұйымдастырушылық ізденістік	Кәнеки, балалар, шыршамыздың шамдары жана ме екен, сұрап көрейік. Қаршақыз: Шырша, шырша, жана ғой! Балалардың шапалақты катты ұруын сұрайды: Бір, екі, үш - әсем шырша жана ғой- Қаршақыз: Келіндер, балалар, «Шыршамызга арнаймыз» әнін бірге айтып, бәріне сыйлайық (музыкасы Е.Тиличеева, сөзін лайықтаған Г.Абдрахманова). Қаршақыз: Балалар- калың орманда «Түлкі мен кояндар» өмір сүріпті. Еңтіге жүгіріп залға Түлкі Кіреді. -Оркойндар, шығыңдар, ән айтыңдар, тойландар! - деп балаларды ортаға шақырады. Балалардыңбасына коянның баскиімдері кигізіледі. Түлкі: Ал, кояндар, бастандар! «Қояндар мен қу түлкі» әнін бірге айтуды ұсынады (музыкасын жазғанГ.Филаровский, сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова).Сонғы шумағындақояндар кашады,түлкі куады, бірақ жете адмайды. -Қояндар, тыңдаңдаршы, бізне бір дауыс естіліп жатыр ғой- (Аязатаның даусы алыстан естіледі. -Балалар, «Аязата келіңіз, бізге сыйлық беріңіз!» - Деп шақырайық. Аязата: Айналайынбалалар! Кште өлең, такпак бар? Қаршақыз: «Билейміз әнін тындаймыз, билейміз деп балаларды ортаға шақырады, бірге жүріп ырғақтарды, кимылдарды жасауға талпындырады. Қаршақыз: Аязата, мен кар ұлпаларымен «Көңілді ленталар» биін билеп берейін, депқыздарға ленталарды ұсынады билейді. Аязата: Мен де кұр келген жокпын, ұлдарыма әкелген сыйым баР. Сандықтарым сиқырлы, Әсем сазды әні бар, Бұл қай әуен, табыңдар? «Шамшырақтар» музыкасы күйсандықта ойналады (музыкасы А.Матмен, өндеген Р.Рустамова, сөзін лайықтаған Г.Абдрахманова). Аязата балаларға риза болып, сандығын ашады, ішінен шамшырақтарын алып, үлестіреді. Аязата: Менімен бірге жүріңдер, шыршаға жақындайық.	Балалар косыла кайталап, шапалақты бірге қағуға тырысады Қаршақыз бен кояндар шенберге тұрып, әуенді кимылдармен айтуға талпынады. Балалар ортаға шығады Балалар әнді косы л а айтады. Түлкі куады, кояндар кашады. Балалар даусын естіп, шақырады. Аязата, келіңіз, бізге сыйлық беріңіз! Балалар Аязатаны куана шапалак ұрып карсы алады. Әнді, кимылдарды орындауға тырысады. Қыздар ленталармен билеуге тырысады. Балалар Аязатаның сандықшасынан шыккан әуенді тыңдайды.

	Қаршакыз: Менің дорбамда бір ойыншық қалып қойыпты. Кім ұстап көріп, атын айтса, бізде қызық ойын басталайын деп тұр. (Бір баланы ортаға шақырады. Ойыншықтың атын тапқанша, бірнеше баланы шақыруға болады). Қаршакыз: Ойлаңдар да ойнаңдар, Сәбіз мұрын кімде бар? Шелек киген басына, Айтыңдаршы, балалар? Жұмбақ-жаттығу «Аққала» әуенімен жалғастырылады. Әуен ырғағымен Аққала кіріп келеді. Қаршакыз: Аққала, амансын ба! Аққала: Мені осы балалар кеше ғана тұрғызып еді, жалғыз қалдырып қашып кетті. Енді еріп бара жатыр едім, дауыстарын естіп келдім. Мүмкін мен бұларға керек емес шығармын? Қаршакыз: Саған арнап біздің балалар «Аққала» әнін айтып береді. Аққала: Менің сендермен ойнағым келіп тұр, көңілім көтеріліп қалды. Қаршакыз: Ойнаймыз, ойнаймыз, Ойынға біз тоймаймыз! Ойын-жарыс: «Аққаланы кім жылдам киіндіреді».	«Шамшырактар» әнін естеріне түсіреді. Балалар қуана шамдарды алып, Аязтаның соңынан ереді. Балалар қызығып дорбаға жакындайды. Бір бала сыртынан да, ішінен де ұстап көріп, онда не барын айтуға тырысады. Айтамыз, айтамыз, Аппаш қардан жасаймыз. Шыдайды ол аязда, Көңілді ол Аққала, - деп әндетеді. Балалар Аққаланы тұрғызғандарын, қашпағандарын айтып, «керексің» деп шулайды. Балалар Аққаланы ортаға алып, әнді орындайды. Балалар ойынға белсене қатысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Аязата, Қаршакыз, Аққала: -Ал балалар, балалар! Сыйлықтарды алыңдар! - деп сыйлықтарды үлестіреді. Тосынсый түрінде келтіру: іздеу, адасу, ұрлатып алу, сикырдың әсерін білдірту. -Сендерге келер жылы тағы да келеміз. Сау болыңдар! - деп балаларды өнерлері үшін мактайды. Қоштасады.	Балалар сыйлыққа жакындап, қолдарына алады, ерекше сезімге бөленіп, рақмет айтады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка ырғағы арқылы әуендері ажыратуды, тыңдап еске түсіруді, сөзіне мән беруді.

Игереді: музыка ырғағы арқылы лентаны ұстауды, шамдарды ұс- тауды, сәбіз, шелек, сыпырғыш ұстатуды.

Менгереді: ертеңгілікке қойылған билерді еркін орындауды.

Тақырыбы: «Орманға саяхат»

Мақсаты: ойын арқылы балалардың есту, сезіну, эн айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжетті-ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: қысқы орман көрінісі, паровоз макеті, «кар үйіндісі», ойыншық қоян мен аю, аюдың үйшігі.

Сөздік жұмыс: паровоз, пойыз, «пш-пш», «пух-пух», «гу-гу-гу».

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Ұнтаспада «Ақша қар» әні (музыкасын жазған К.Қуатбаев, сөзін жазған Қ.Ыдырысов) ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады. - Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз.Орманның алыста екенін түсіндіреді. - Орманға жету үшін мына пойызға отырайық, - деп паровозға шақырады. Пойызға біз барайық,Вагоннан орын алайық. Балалардың «вагондарға» -тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана келісіп, «вагондарға» отырады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Ал паровоз бастайды,Ән айтып біз қостайық, Пыш-пыш, пух-пух.Жетекші «Пойыз» әнін (музыкасын жазған К.Қуатбаев, сөзін жазған Ж.Смақов) орындайды. Ән екінші рет орындалғанда педагог мәтінге сәйкес кимыл-қозғалыстарды көрсетеді, балаларға бірге қайталауды ұсынады.Ән аяқталысымен жетекші балаларға орманды аралауды ұсынады.Орманда жүріп, «кар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Музыка жетекшісі ойыншық қоянды көріп, таңғалған кейіп танытады. -Балалар, қарандаршы, мынау тығылып отырған аңды танысыңдар ма? Ақ қоян-ау, ақ цоян, Ұзын шұлақ сақ қоян.Ақ қоян-ау, ақ қоян, Жүйрік қоян, сақ қоян, - деп қоянды алып, балаларға көрсетеді.Балалар, ақ қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік.«Қояндар биі» (Ж. Оффенбах) ойналып, балаларға өз еркінше секіруді ұсынады.-Балалар, қоянға арнап «Ақ қоян» әнін айтып берейін. Сендер қоянмен бірге отырып, мұқият тыңдаңдар.«Ақ қоян» ғнін (музыкасын жазған Б.Аманжол, сөзін жазған Н.Жанаев) екінші рет орындап, балалардың мәтінге сай кимылдарды көрсетулерін сұрайды.«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог-аю шығады.Аю:Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны көргенде Бас қоямын ойланбай.(А.Асылбек)Сәлеметсіңдер ме, балалар?Әуен қайта ойналып, аю би кимылдарын жасайды. Музыка жетекшісі балаларға аюдың кимылын қайталауды ұсынады.Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады: Кел, ойнайық, ойнайық, Қызығына тоймайық. Қоян, аю қуансын,Біз көңілді тойлайық. «Қояндар мен аю» ойыны («Қояндар маршы» А. Райымқұлова) ұйымдастырылады. Балалардың ойынға белсене қатысуын қадағалайды.	Балалар әнді бар ынтасымен тыңдап, «пш-пш», «гу-гу» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып, балалар кимылдарды қайталайды. «Көңілді пойыздан» түсіп, балалар қысқы орманда қыдырады. Балалар қоянды көріп, таңданады. Қоянды танығандарын айтып, оны қолмен ұстап, сипап көреді, қызықтайды. Балалар жеңіл секіріп, қоянның кимылын көрсетуге тырысады. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады. Әннің сөздерін анық айтып, әндете қосылып айтуға талаптанады. Балалар қуана аюмен амандасады. Аюдың кимылдарын қайталап, «қорбаңдап» жүреді, бір орында айналады.
Рефлексиялық, - түзетушілік	Музыка жетекшісі балалардың «Көңілді пойызға» отырып, «Пойыз» әнінің ырғағымен жолға шығатындарын ескертеді. Бүгінгі күннің көңілді өткенін	Балалар пойызға «отырып», жолға шығады. Балалар қол

	айтып* балалармен қоштасады.	бұлғап аюмен, қоянмен көңілді қоштасады.
--	------------------------------	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді естіп, сезінуді, ойын барысындағы әнді, би кимылдарын есте сақтауды.

Игереді: пойызға ұқыпты отыруды, қоян, аюмен достықты, бірге қуа- нуды, ойын шарттарын сақтауды.

Меңгереді: музыканы сезініп, энге қосыла айтуды, қайталауды, кейіпкерлердің кимыл-қозғалысын көрсетуді (косаяқтап секіру, әуенге жылдам жүгіру, қорбаңдап жүру)

Тақырыбы: «Ақтиін»

Максаты: сюжетті-рөлді ойындарға катысуға қабілеттерін әрі карай дамыту, әуенді есту, сезіну, әнді бірге бастап, бірге аяқтап хормен айтуға үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: қоңыраулар ілінген кішкентай шырша, ойыншық тиін, шығыршық (обруч), жаңғақтар, себеттер.

Сөздік жұмыс: қоңырау, тиін, жаңғақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	«Көңілді би» (Ө. Байділда) ойналып, балаларды көңілді қарсы алады. Зал ортасындағы қоңыраулар ілінген кішкентай шыршаны көрсетіп жетекші: - Міне, біздің шыршамыз қандай әдемі! Қоңыраулар жылтырап сәнге бөледі, - деп, балаларға қоңырауларды алуды ұсынады. Қоңырауды алайың, Сыңғырлатып қағайық. Қоңырауды қозғап, ойнап көрсетеді. Қайталауларын сұрайды.	Балалар шеңбер бойымен көңілді жүреді. Шыршаға жақын келіп қызықтайды, айналып жүреді. Қоңырауларды қызыға алып карап, қозғап. сыңғырлата ойнайды. Ырғақпен бірге қоңырауларды қозғайды.
Ұйымдастырушылық ізденістік	«Қоңыраулар биі» (Н. Марченко) ойналып, 1-бөлімінде қоңырауларды сыңғырлата жүгірулерін сұрайды, 2-бөлімінде шеңбер бойымен тұрып, әуен ырғағымен қоңырауды сыңғырлатуды ұсынады. Би аяқталысымен: - Біз жасыл шыршаға жақын келейік, Қоңырауды шыриіаға сәндеп ілейік, - деп, қонырауларды ілгізеді. Көңілді әуен ойналып, ортаға тиін келеді (педагогтің қолында ойыншық тиін). - Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен қоныраудың дауысын естіп, асыгып келдім. Музыка жетекшісі: Балалар, бізге қонаққа келген бұл қандай жануар, танысыңдар ма? Тиін: Балалар, мен көңілді әуен элемінен келдім, сендерге өзім туралы ән айтып берейін. «Ақ тиін» (музыкасын жазған Ө. Бейсеуов, сөзін жазған Н.Жанаев) әнін музыка жетекшісі және педагог орындап береді. - Балалар, ақ тиіннің әні әдемі екен, рақмет айтайық. Тиін (куана дауыстап): - Мен секіре аламын. Кім бірге секіреді? Балаларды ортаға шақырады. - Енді ақ тиінді көңілді биге шақырыгі, бірге билейік. «Көңілді би» (Ө.Байділда). Балаларға өз еріктерінше қозғалып, билеуге мүмкіндік беріледі. Тиін: Мен ецбекті сүйемін, Жаңғағымды үйемін, - деп, балаларды жангак жинауға көмекке шақырады. «Кім епті?» ойыны ұйымдастырылады.	Балалар қоңырауды сыңғырлатып жеңіл жүгіреді. Бір орында тұрып қоңырауда ойнайды. Шыршаға қонырауларды іледі. Тиінге жақындап келіп, ұстап, сипап көре бастайды. Балалар тиін екенін айтады. Тиін туралы әңгімелейді. Әнді зейін қойып тыңдайды, түсінуге талпынады. Балалар қол шапалақтап шаттанады. Тиінмен бірге секіріп, көңіл күйлері көтеріледі. Балалар еркін билеп, қозғалады. Секіреді, бір орында айналады, қолдарын білезік буынынан айналдырады. Шығыршық ортасына шашылған жаңғақтарды жинап, себеттерге салады.

Рефлексиялық-түзетушілік	Балалар, тиін қалай секіреді екен? Жаңғақтары қандай? Тиін қандай? Бүгін сендер тиінге көмектестіндер, қоңыраумен би билеп, көңіл көтердіңдер. Жарайсыңдар! Тиінмен қоштасып, балаларды шығарып салады.	Жақсы секіреді Тиін әдемі Жаңғақ көп Тиінмен қол бұлап қоштасып шығады.
---------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді, әнді естіп, есте сақтауды, ырғақты сезінуді, ойынға белсене қатысуды.

Игереді: тиіннің қимылын көрсетуді, сюжетті-рөлді ойынды көппен ойнауды, ән мазмұның түсіне, әндеге айтуды.

Менгереді: қоңырауды ырғақты сезіне қозғауды, жеңіл жүгіріп, би қимылдарын бірге жасауды.

Тақырыбы: «Көңілді достар»

Мақсаты: қуыршақ кейіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай жалғастыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ойыншықтар: орман көрінісі, аю, қоян, тиін, түлкі, барабан аспаптары.

Сөздік жұмыс: ақша қар, барабан.

Оқу іс- әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Үнтаспада «Кеш жарық» әні орындалады. Жетекші балаларды қорапқа салынған «карлармен» қарсыалады.Қараңдаршы далаға, Дала аппақ ақша қар. Тал мен үйлер қалада Жамылыпты ақ шатыр. Қар атысып ойнайық, Қыс қызығын тойлайың! - деп ойынға шақырады.	Балалар залға кіріп, тізбектеле жүріп, шеңбер бойымен тұруға талпынады. Терезеге қарап, далаға назар аударады. Бір-біріне қар лақтырып, көңілді ойнайды. Жинаған қарларын шырша түбіне үйіп жинауға әрекеттенеді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	«Қар атысып ойнаймыз» ойыны ойналады. («Кім епті» Н.Ладухин). Ойын соңында:Шыршаға жаңын барайың,Қарды үйіп қояйық. Балаларға қарды жинатып, қар үйіндісін жасатады. Енді оларға отырып демалуды ұсынып, ән тыңдауғашақырады. Өзі «Ақша қар» (музыкасынжазған К.Қуатбаев, сөзін жазған Қ.Ыдырысов) әнін орындап береді. Кенет педагог шырша артынан біреуді көргендей болып, таңғалады. - Сен кімсің? Кәне, мұнда шың! – депшақырады. Ортаға аю ойыншығын ұстап педагог шығады. - Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай. Оу, оу... (А. Асылбек) - Мені неге ұйқымнан ояттыңдар? Жетекші: Біз көңілді ойындар ойнап жүрміз. Аю: Олай болса, мен де өз достарымды шақырайын. Аю барабан соғады. - Балалар, маған көмектесіндерші, барабанымның даусы шықпай қалды. Балаларға барабан аспаптары беріледі. Ойыншық қоян шығады: - Сәлем, достар! Мені танысындар ма? - Балалар, қоянға өзі туралы таппак айтып берейікші. Ақ қоян-ау, ақ қоян. Ұзын құлақ сақ қоян,	Әнді зор ынтамен тыңдайды. Мазмұнын түсінуге талпынады. Балалар аюды көріп, қуанып, жақындай түседі. Аюмен бірге қимылдап, билейді. Аяқтарын көтере, қорбаңдай жүреді. Бір орында басын ұстап айналады. Балалар барабан даусына елендеп, қызығушылық танытады. Балалар барабанды алып, көңілдене соғып ойнайды. Қоянмен бірге секіріп, қуанады. «Ақ қоян» таппағын мәтініне сай қимыл-қозғалыс жасап бірге қосыла айтады. Балалар қол ұстасып, тиінді ортаға алып,

	Ақ цоян-ау, ақ қоян Жүйрік қоян, сақ қоян! Аю балаларға тағы барабанда ойнауды ұсынады. Ортаға тиін келеді Мен тиінмін.тиінмін, Қысқа жылы киіндім. Қоймам толы жаңғаққа, Іші жылы үйімнің! Аю балаларға тағы барабанды соғып ойнауды ұсынады. Көңілді әуен ойналып, ортаға түлкі шығады. Түлкі: Аю досым, мен мұндамын! Жетекші: Сен кімсің? Түлкі: Мен сұлу түлкімін, Жай өтпес бір күнім, Ішінде жүремін Айғай-шу, күлкінің! - Достар, бәріміз көңілді ойын ойнайық! «Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады.	шеңбер бойымен жүреді. Балалар барабанды соғып, көңілденеді. Аюдын келесі досын асыға күтеді. Түлкіні қуана қарсы алады, қол шапалақтап, ризашылықтарын білдіреді. Балалар ойын шартын түсініп, қуана ойнайды. Женіл жүгіріп, түлкіден қашып кетуге тырысады.
Рефлексиялық түзетушілік	- Аю, сенің достарыңмен бізге өте көңілді болды. Сендерге көп рақмет! Бізге қонаққа келіп тұрыңдар. - Балалар, қонақтармен қоштасып, шығарып салайық. - Балалар, сендерге аю мен достары ұнады ма? Қоян ше? Түлкі қалай жүгіреді? Тиін қандай? - деген сұрақтар қойып, әңгімелеседі.	Аю мен достарына рақмет айтып, қоштасады. Балалар шамасы келгенше жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді тыңдап, мазмұнын түсіну, қимылмен көрсете білу.

Игереді:Музыканың сипатын ажыратуды, ырғақты сезіне еркін қимылдауды, әннің әуенін хормен және жеке айтуды.

Меңгереді:карды лақтыру, жинау, барабан аспабында ойнау, өз еркін- ше кейіпкерлердің Жүрісін, қимылын салуды.

Тақырыбы:«Ертегілер елінде»

Максаты:куыршақ театры арқылы балаларды шығармашылыққа баулу, әуен Сипатын ажыратып, қимылдауға, ән айтуға дағдыландыру, достыққа, Камқорлыққа тәрбиелеу.

Колданылатын көрнекі құралдар: «Бауырсақ» ертегісінің көрінісі, үйшік, бауырсақ, ата,әже, қасқыр қоян, аю, түлкі ойыншықтары.

Сөздік жұмыс: бауырсақ, ертегі, достар.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Залдың іші «Бауырсақ» ертегісінің көрінісіне лайықты етіп безендіріледі. «Илигай» (өндеген Б.Дәлденбай) дуенімен балаларды қарсы алу. Музыка ісетекшісі Бауырсақ куыршағын немесе сУретін көрсетіп, балаларды бірге көңіл ^өтеруге шақырады. Мен көңілді Бауырсақ, Кел, ойнайың куыспақ! Бауырсақ қашқан болады, балаларға Қуалап жүгіруді ұсынады. "Жүгіреміз» (Г.Фрид) әуені ойналып, Галаларды ң жеңіл жүгірулерін бақылайды.	Балалар қол ұстасып кіріп, шеңбер бойымен жүреді. Бауырсақты көріп, танғалады, қуанады. Жеңіл жүгіріп. Бауырсақты қуып жетпекші болады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Әуен аяқталысымен балаларды ^тырғызып, жайғастыру. " Балалар, бүгін бізді Бауырсақ өзімен г>ірге ертегілер еліне қонаққа алып >армақшы. Бірге барамыз ба? Олай болса, Бауырсақ туралы ән айтып берейін, мұқият тыңдаңдар! Бұл Бауырсақты кім пісірген екен? Ендеше, ертегімізді бастайық! Зал ортасына үйшік қойылып, педагогтің көмегімен куыршақтарды ертегі мазмұнына сай қимылдатып, сахналайды. Ерте, ерте, ертеде, Ешкі жүні бөртеде, Ата мен әже болЫ^ты< Ұзақ өмір сүріпті. Бір күні әже атаға дәмді, тәтті бауырсақ пісірмекші болыпты. Ата: Кемпір, маған бауырсақ пісіріп берші! Әже: Жарайды! - деп сахнадан көрінбей кетеді де, бауырсақпен қайта оралады. Әже: Міне, пісті бауырсақ, Ыстық, дәмді бауырсақ. Суытып мен алайын, Мынау жерге қояйын,— деп терезе алдына қойып, кетіп қалады. -Балалар, енді Бауырсақ не істейді? Қалай жүгіреді? Кәне, Бауырсақпен бірге біз де жүгірейікші. -Алдынан не шығады? «Қасқыр» (музыкасын жазған Д.Ботбаев, сөзін жазған Д.Асылбек) әні орындалып, ортаға қасқыр ойыншықты ұстап педагог шығады. Қасқыр: Бауырсақ, Бауырсақ, мен сені жеймін! Бауырсақ пен балалар: -Жок, жей алмайсың! - деп қашып, қасқыр қуып жете алмай,	Балалар келісіп, көңілденеді. Әнді ынтамен тыңдап, түсінуге тырысады. «Бауырсақты әже пісірді» деп жауап беруге талпынады. Ертегіні ұйып тыңдап, қызығушылық сезімдері оянады. Ата, әже куыршақтарын көріп, көңілдене түседі. Бауырсақ домалап кетеді, қашып кетеді, жүгіріп кетеді, - деген жауаптар айтуға талпынады. Балалар әуен ырғағымен жеңіл жүгіреді.

	»3 жөнімен кетеді. (Ертегі желісі бойынша балалар баска кейіпкерлермен де кездесіп, олардың қимылД»Рын көрсетіп, Бауырсаққа көмектесіп, бірге көңілденеді.) «Аю», «Түлкі» (Б. Дэлденбай, А.Асылбек) әндері орындалады.	Қасқырдың қимылын көрсетіп жүреді. Бауырсаққа көмектеспек болып әрекеттенеді. Аю, қоян кейіпкерлерімен кездесіп, бірге қимылдарын көрсете әнге қосылуга талпынады.
Рефлексиялық түзетушілік	Музыка жетекшісі түлкі әнін айтып шыққан кезде: - Бауырсақ, балалар, абайлаңдар! Қу түлкіге алданып қалмаңдар! - деп ескерткен болады. Бауырсақ: Қу түлкі, мен сенен қорықпаймын. Маған достарым көмектеседі. - Балалар, Бауырсаққа көмектескендерің жақсы болды, жарайсыңдар! Түлкі: Балалар, мені кешіріңдер, мен енді Бауырсаққа тиіспеймін. Мені кешіріңдер! - Балалар, не істейміз? Түлкіні кешіреміз бе? Олай болса, мен сендерді достық биіне шақырамын! - деп жетекші бадаларға шеңбер бойымен түруды ұсынады. Өздеріне таныс би қимылдарын орындап, өз беттерінше билеуге мүмкіндік жасайды. «Полька» бці (Б.Сметана) орындалады. - Балалар, Бауырсақты атасы мен әжесі күтіп қалған шығар, үйіне жеткізіп салайық.	Түлкіні көріп, сактанып. Бауырсақты қорғамақ болады. Түлкіні қуып жібермекиі болады. Иә, кешіреміз! Екеуден қол ұстасып айналады. Бауырсақты үйшікке дейін шығарып салып, көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: «Бауырсақ» ертегісінің мазмұнын, кейіпкерлердің **сипатын** бере алу, ажырату, әнге қосыла айту.

Игереді: ертегі кейіпкерлерімен бірге араласа жүріп, мазмұнын терең түсінеді, әртүрлі сипаттағы әнді айтуды үйренеді.

Меңгереді: әр кейіпкерге тән қимыл-қозғалыстарын көрсетіп, дауыс ырғақтарын салуды, әуеннің сипатын ажырата алады.

Такырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты: отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүше-леріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: отбасы бейнеленген суреттер. **Сөздік жұмыс:** отбасы, балақан, алақан.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка залында әже болып киінген музыка жетекшісі балаларды күтіп алады. Ортаға дөңгелек үстел үстіне бауырсақ қояды. Әже балалармен амандасады. Балалардан үйлерінде кімдер тұратынын сұрайды. Жауап беруге мүмкіндік жасау. Мамам, папам деген сөздерді алдымен айтқызып, әже, ата сездерін айтуға	Балалар музыка залында күтіп отырған әжені айнала жайғасады. Отбасы мүшелері туралы айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	-Балалар, мен бәріңнің әжелеріңмін. Қазір ән айтып беремін, сендер ол әннің кім туралы екенін айтасындар.Музыка тыңдау: «Бауырсақ» (музыкасын жазған Ә.Бейсеуов, сөзін жазған Н.Арынова).-Сендердің ауылда әжелерің бар ма, келіп тұра ма? Әжелеріңді жақсы көресіңдер ме? Өткен сабақта үйреткен «Кяне, қызық ойын бар» әнін қайталау.Әже балаларға жаңа ән ала келген екен. Жаңа ән: «Топ-топ, балақан» (музыкасын жазған М.Арынбаев, сөзін жазған А.Асылбек) әні орындалады.-Ән кімдер туралы айтылған? Әже әнді алдымен өзі орындап береді. Мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйретеді. «Топ-топ, балақан, шапалақта алақан» деген жерінде орындарынан тұрып, алдымен аяқтарын топылдатып, содан соң алақандарын шапалақтайды. Соңғы шумағын айтқанда қолдарын жоғары көтере шапалақтайды. «Жұлдыз болып жанамыз» деген жерде - екі қолды аспанға кетереді.«Айна» ойынын ойнау. Қазақтың халық әні «Қамажай» (өңдеген К. Қуатбаев)Балалар шеңбер жасап, әуенге қосылып жүреді. Әже ортада тұрады. Музыка тоқтағанда әже жүн сабау, киіз басқан, ұршық иірген, айнаға қараған қимылдарын көрсетеді. Балалар әжені қайталайды. Ойынды балалар жалғастырады.	Балалар әнді тыңдап, кім туралы айтылғанын айтады. Өркім өз әжесі туралы айтады.Өткен сабақтағы әнді қимылмен жасайды. Балалар жаңа әннің кімдер туралы екенін айтуға тырысады. Қайырмасында аяқтарын топылдатып, қолдарын шапалақтайды. Соңғы шумағында қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтап, әнді аяқтайды. Балалар әженің көрсеткен қимылдарын: жүн сабауды, ұршық иіруді, айнаға қарауды қайталайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Әже балалармен қоштасады. Әже балаларды мақтайды, марапаттайды.	Әжемен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: отбасы мүшелерін: әжесін, атасын, әке-шешесін.

Игереді: отбасы деген түсінікті.

Меңгереді: би қимылдарындағы тұрмыстық қимылдарды көрсету дағдыларын.

Тақырыбы: «Анашым»

Мақсаты: анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету. Ата- анасын сыйлауға, кастерлей білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ана мен бала бейнеленген сурет- тер, мерекеде анаға гүл сыйлап тұрған баланың суреті.

Сөздік жұмыс: сыйлық, сый-құрмет, мейрам.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотиваци- ялық,- қозғаушы лық	Музыка залында көңілді әуенмен балаларды қарсы алады. Амандасады. Шенбер бойымен жүгіру, секіру, музыкалық кимылдар жасау. - Балалар, мына өлен кім туралы жазылған, мұқият тыңдаңдар. Бала, бала, бала деп, Түнде шошып ояңған. Түн ұйқысын төрт бөліп, Түнде бесік таянған. (Ы. Алтынсарин	Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді. Музыка ырғағына сай кимылдар жасайды, жүгіреді, айналады. Балалар өлен кім туралы, екенін ажыратады.
Ұйымдаст- ырушылы- қ ізденістік	-Балалар, түнде тұрып, сендерді аялап өсірген аналарың. Ауырсаңдар - емдейді, тамақтарыңды береді, киімдеріңді жуады. Музыка тыңдау: «Ақ мамам» (музыкасын жазған Е.Хасанғалиев, сөзін жазған А.Асылбек). Музыка жетекшісі орындап береді. Анасын әрбір бала асыға күтетінін, анасы үйге келгенде қуаныштан мээ-мейрам болатынын әндетіп жеткізеді. Анаға деген сүйіспеншілік, мейірімділік сезімдерін ояту. Өткен әндерді қайталау. Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, бірін- бірі тыңдап айта білуге үйрету. Өткен әндерді еске түсіріп, кимылды әндерді кимылмен көрсете отырып орындау. Жаңа ән: «Мерекеңмен, анашым» (музыкасын жазған Б.Қыдырбек, сөзін жазған И.Сапарбай). -Көктем мезгілінде аналарымыздың мерекесі келеді. Әркім әлі келгенше сыйлық әзірлейді. Сендердің үлкен сыйлыштарың - ана туралы айтқан әндерің, жаттаған тақпақтарың, билеген билерін. Өздерің қандай тақпақ білесіңдер? Әннің мәтінін түсіндіріп, жаттату, әнді әуенімен қосып үйрету. Әуенді-ыргакты қимыл: «Биге шақыру» (А. Тоқсанбаев). Жетекші бір баланы ортаға шақырып, өзіне сыңар іздетеді.	Ана әрбір баланың қамқоршысы екенін түсіне бастайды. Ана туралы әнді тыңдағц өз аналары туралы жаксы лебіздер айтуға талпынады. Өткен әндерді еске түсіріп, кимылмен коса айтады. Жаңа әннің мәтінін жаттап, әуенмен айтуға тырысады. Бала калаған досын биге шақырып, аяқтарын бірге топылдатады. Музыка тез ойналғанда бірге айналады. Музыка аяқталғанда, екеуі қайтадан екі баланы биге шақырады. Осылай балалар түгел биге қатысады.
Рефлексия- лық түзетушілі- к	Музыка жетекшісі сабақты қорытындылайды. Балаларды мадақтау, марапаттау.	Балалар қоштасады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: аналарының мерекесін білуі керек. Анаға деген сүйіспенші- діктерін бағалату.

Игереді: мереке, сыйлық дегенұғымдарды.

Меңгереді: өздері дос іздеуді биге шақыру дағдыларын.

Тақырыбы: «Ақ эжем»

Максаты: балаларға Қазақтың салт-дәстүрі жайында мағлұмат беру, ұлттық салт-сананы санасына

Қолданылатын көрнекі құралдар: бесік, қуыршақ, бала тербетіп отырған ана суреті.

Сөздік жұмыс: бесік, бесікке бөлеу

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар музыка залына шеңбер бойымен келеді. Ортадағы әженінжанында бесік, қуыршақ жөргектер. Әже балалармен амандасады. - Мен сендерге қазақтың дәстүрі «Бесікке бөлеуді» көрсетемін. Бесікте жатқан баланың ұйқысы тыныш, жылы, жақсы ұйықтайды. Баланы бесікке ұйықтататын кезде бөлейді. Әже бесікті көрсетеді.	Балалар музыка әуенімен залға келеді. Балалар әженің айналасына дөңгелене отырады. Әженің әңгімесін мұқият тыңдайды. Бесікті ұстап көріп, қызықтайды.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Қуыршақты бесікке жатқызады, жөргектермен орап, бөлейді. Жайлап тербетеді. Қазақтың халық әні «Әлди-әлди» орындалады. Әлди-әлди, бөпешім, Ақ бесікке бөледім. Ай мен күнге теңедім, Ақтарылған пәлдегім. Әлди-әлди жанарым, Маңтанышы ананың. Әлпейітеген қарағым, Таза болсын жан арың. Музыка тыңдау: «Әй-әй бөпем» (халық әні, өңдеген К. Шілдебаев). Музыка ойналады, әже жайлап қосылып, бесікті тербетеді. Балалар бөпені оятып алмас үшін жай сөйлеулерін ескертеді. - Балалар, әже бізге баланы бесікке қалай, не үшін бөлейтінін айтып берді. Біз әжеге рақмет айтып, әже туралы ән үйренейік. Ән үйрену: «Ақ эжем» (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған О. Әубәкіров). Музыка жетекшісі әнді айтып береді. Балаларға алдымен мәтінін қайталатып, әуенмен қосып үйретеді. Түгел шумақты үйренген соң, басынан бастап айтады. Әже құрқол келмей, өзімен бірге ойын ала келгенін айтады. «Сақина салу» ойыны. Балалар дөңгелене отырады. Әже білдірмей бір баланың қолына сақина салады. Белгі бергенде - сақинасы бар бала тез ортаға шығуы керек, егер қасындағы көршісі сезіп ұстап қалса, сақинасы бар бала айыбына өнер көрсетеді. Ойын қайталанады.	Әженің өлеңін тыңдайды Балалар кезектесіп бесікті тербетеді. Балалар әже туралы әнді әуенімен таза айтуға тырысады. Балалар ойын кезінде ұқыпты отыруға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балаларды мадақтау, марапаттау.	Балалар әжемен қоштасады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қазақтың салт-дәстүрінің бірі - бесікке бөлеуді.

Игереді: бесікке бөлеу, бесік жыры деген түсініктерді.

Меңгереді: ойын кезінде қырағылық, сақтық, ұқыптылық дағдыларын.

Тақырыбы: «Әй-әй ата»

Максаты: қазақтың киелі аспабы домбырамен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.

Қолданылатын көрнекі құралдыр: домбыра аспабы, арқан.

Сөздік жұмыс: күй, домбыра.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды музыка әуенімен қарсы алу. Шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Амандасу, музыка әуеніне сай кимылдар жасау. Күй ойналып, ішке ата кіреді, балалармен амандасып, келгеніне себепін айтады.	Балалар музыка үніне ілесіп залға келеді. Шеңбер бойымен жүреді. жүгіреді, кимылдар жасайды. Атаны қарсы алады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Ата: Балалар, бүгін мен ауылдан әдейі сендердің балабақшада не үйренгендеріңді көру үшін келдім. Және өзім де құралақан емес, өнерден хабарым бар екенін сендерге көрсеткім келеді. Алдымен өзіммен біріге ала келген аспабыммен таныстырайын. Домбыра. Бұл қазақтың киелі аспабы. Домбыра арқылы халқымыз қуанышын, қайғысын бөлісіп отырған. Қазір мен сендерге шертіп көрсетейін (аздап домбырасын шертеді). Музыка тыңдау: «Қосалқа» күйі (Дәулеткерей). Бұл күйде қыздың әдемі жүрісін, сыңғырлаған сырғаларын бейнелеп отыр. Музыка жетекшісі атаға балалардың әнін тыңдауды ұсынады. Өткен әндерді қайталайды. Ана туралы, әжесі туралы әндерін айтып береді. - Ата, бүгін біз өзіңіз туралы ән айтуды үйренеміз. Ән айту: «Әй-ғй ата» (музыкасын жазған Ө. Байділда, сөзін жазған Ж. Смақов). Музыка жетекшісі әнді орындап береді. Балалардан ән кім туралы екенін сұрайды. Алдымен мәтінін қайталап, әуенді бөліп үйретеді. Әуенді мәтінімен қосып айтады. Ата өзі туралы айтылған әнге алғысын білдіреді: Ракмет, балалар, өнерлерің өрге сүйресін. Енді күштеріңді сынап көрейік. Өзіммен бірге арқан ала келдім. Бала кезімізде арқан тартысып, күш сынасатын едік. Кәне, екіге бөлініп арқанды тартайық. «Арқан тартыс» ойыны.	Атаның әңгімесін тыңдайды. Балалар домбыра аспабымен танысады, әрқайсысы ұстап, шертіп көреді. Балалар өткен сабақтарда үйренген әндерін естеріне түсіріп айтады. Жанадан ән үйренеді. Әннің кім туралы айтылып отырғанын аңғарады. Балалар екі жаққа бөлініп, арқан тартысады. Бірін-бірі жеңуге тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Ата балаларға ризашылығын білдіріп, мақтау, мадақтауларын жеткізіп, қоштасады.	Атамен қоштасады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қазақтың киелі аспабы домбыра туралы білулері керек.

Игереді: күй деген ұғымды игереді.

Меңгереді: арқан тарту дағдыларын меңгереді.

Тақырыбы: «Шуақты көктем»

Мақсаты: әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қара- пайым би кимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: көктем көрінісін бейнелейтін су- реттер, биге қолданылатын гүлдер.

Сөздік жұмыс: көктем, шуак, алуан-алуан.

Оқу іс- әрекетін ін кезеңде рі	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балаларға әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. («Марш» М.Раухвергер) Біз адымдап жүреміз, Бір, екі, үш! Серуендеп келеміз, Бір, екі, үш! - деп балалардың қосыла айтуын сұрайды. - Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, - деп ынталандырады. «Кімнің жүгіргісі келеді?» (Л.Вишкарёва) әуені ойналып, балалардың ырғақты тындай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды.	Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Ырғаққа ілесе нық басуға талпынады. Бір-бірінің артынан жеңіл жүгіреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшісінің іс-әрекетіне назар аударады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Әуен сонында: Міне, баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық, -деп, балаларды көктемгі бақбейнеленген көрініске жакындатады. - Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен! деп балалардың назарын аударуға тырысады. Бақ іші қандай тамаша, Алуан гүлдер тұр тұнып, Демалайың отырып! - деп демалуға жайғастырады. Ұнтаспадан құстардың даусы естіледі («Табиғат әуендері» жинағынан). - Балалар, ненін даусын естіп тұрсындар? Бұл - құстардың даусы. Құстар қалай дыбыстайды екен? Құстар қалай ұшады? Қолымызды жаяйың, Құстай қанат қағайық! - деп, балаларға құстың қанат қанқанын көрсетулерін сұрайды. Қандай қызық көктемде, ұн шуағын төккенде. Гүл тереміз алуан Шығып алып бөктерге, - деп «Көктем» әнінің (музыкасын жазған Қ. Қуатбаев, сөзін жазған А. Асылбек) 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға педагог мәтінге сай кимылдарды көрсетіп қайталайды. Ән ақталысымен балаларды алдын ала «гүлдер өсіп тұр, гүлдер өсіп тұрған» гүлзарға шақырып: қызыл, сары, жасыл, көк гүлдерді біз терейік, - деп Гүл жинауды ұсынады. Достығымыз жарасып, көңілді би билейік! «Гүлдермен би» (Т Вилькорейская) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп жеңіл жүгіруді бір орында тұрып тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді.	Өз беттерінше еркін жүріп, жан-жағына қарайды. Суреттерді қызықтап көреді. Гүлдерге танырқай қарап, ұстап көреді. Кілемге жайғасып отырады. Балалар құстар үнін зейін қойып, қызыға тындайды, қызығушылық сезімдері оянады. Қолдарын созып, «ұшуға» әрекеттенеді. Балалар әнді ынта қойып тындап, түсінуге талпынады. Педагогтің жасаған іс-қимылын қайталап көрсетуге тырысады. Қолдарын көкке созып, Күнді, өсіп тұрған гүлдерді көрсетеді. Балалар қуана жүгіріп гүлдерді «теріп» алады Шеңбер бойымен тұрып, педагогке қарап, би кимылдарын қайталайды. Гүлдерін жоғары көтере бірге тербеліп, айналып, ырғақпен билеуге

		талпынады.Балалар куанып, кол шапалактайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Көктем келіп шуақты, балаларды қуантты. дАлақай-ау, Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл атты! -Балалар, сендерге бак ұнады ма? Құстар қалай ән індетеді екен? Гүлдер қандай? Мен сендерге әдемі гүлдер сыйлаймын, - деп Алдын-ала түрлі түсті қағаздан қиылған алдын ал гүлдерді таратып береді	Сұракқа түсініп жауап беруге әрекеттенеді. Балалар рақмет айтып, көңілді қоштасады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіне көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету жеке сөздерді әндете айту.

Игереді: әнді әуенімен және табиғи дауыспен айтуды, баяу, сазды әуенді сезінуді.

Меңгереді: гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айнаруды, кіші, үлкен шеңберлер жасауды, ән мәтініне сай бірге қимылдауды

Тақырыбы: «Әдемі көбелек»

Мақсаты: көркем-ойындық бейнелерге сайқимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: бірнеше себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған көбелек.

Сөздік жұмые: көбелек, ақ қанатты көк қанатты.

Оқу іс- әрекетін ін кезеңде рі	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотива циялық - қозғауш ылық	Зал ішіне гүлдер қойылып, «гү— аланы» жасалады. Музыка жетекшісі балаларды көңілді қарсы алады Біз гүлдерді терейік, Ұқыпты боп жүрейік. Анамызды қуанытып, Көңілді билеп берейік, - деп «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) жаттығуын қайталайды. Әуен ырғағын қайталайды. Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды. Көне, достар, тұрмайық, Гүлдерді тез жинайық! деп гүлдерді себетке жинап салуды ұсынады.	Балалар ішке кіріп, гүлдерге көңіл аудара қарап, қызықтайды. Гүл алаңынан ұнаған гүлдерін тандап алады. Балалар үлкендердің көрсетуімен бірге билеуге әрекет етеді. Көңілді жүгіре басып гүлдерді себеттерге салуға талпынады.
Ұйымда стыруш ылық ізденісті к	Музыка жетекшісі себеттерді залдың ортасына қойып, көбелекті «ұшырып» әкеледі. Ұнтаспада вальс (музыка жетекшісінің қалауымен) ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды. Көктем қандай көрікті, Балақайлар көріпті. Дала гүлге толыпты, Көбелек гүлге қоныпты! деп, көбелекті гүлдерге қондырады. Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі көбелек! Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық. Ән тыңдау: «Көктем» (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған А. Асылбек) әнінің 2-шумағын орындап береді. Әннің: Жаңбыр жауар себелеп, Көлбеңдейді көбелек, - деген сөздерінде балалардың қолдарымен жаңбыр тамшыларын, көбелек қанатын көрсетіп, қайталауларын өтінеді. Ән мәтініне сәйкес педагогпен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды. «Гүлзардағы көбелектер» ойыны. Көбелек-ау, көбелек, Үніасың сен көлбеңдеп. Қызыл, жасыл керемет, Гүлге қоншы көбелек! - деп, балаларды ойынға шақырады. «Вальс» ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында: Ақ қанатты көбелек, Көк қанатты көбелек, Бақиамызға қона кет! - деп, «көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді.	Балалар «ұшып жүрген» көбелекті көріп, қуанады. Көбелекке жақындап, қызықтайды. Қанаттарын ұстап көруге талпынады. Балалар әнді шаттана қабылдап, мәтінге сай қимылдарды көрсетеді. Қолдарын созып күнді, саусақтарын қозғалта тамшыларды бейнелеп көрсетеді. Қолдарын екі жакқа созып, көбелек қанаттарын көрсетіп жеңіл жүгіреді, айналады. Балалар гүлдерге бөлініп, жүгіреді, қуанады. Қолдарын созып, көбелектер қанатын бейнелеуге әрекеттенеді. Әуенмен ілесе жеңіл жүгіріп, бір орында айналып, гүлге жақындап отырады. Көбелектер «гүлге қонады».
Рефлекс иялық- түзетуі ілік	Балалардың қызығушылығын арттыру үшін, екінші рет қайталанғанда өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді. «Көбелек қандай? Қалай ұшады?» деген сұрақтар қою арқылы жасаған іс- әрекеттерін пысықтайды. Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады.	Балалар көңілді, еркін қимылдап, шаттанады. Қабілеттеріне қарай жауап беруге талпынады. Көңілдене қолтасып, «ұшып» шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдай білу, қимыл-қозғалысты көппен бірге, ырғақты сезіне жасау.

Игереді: музыканы сезіне тыңдауды, әнді нақышына келтіре айтуды, ойын шарттарын ретімен орындауды.

Меңгереді: көркем-ойындық бейнені сезіну, көбелек болып «ұшу, қону», әуенмен ілесе жеңіл қимылдауды.

Тақырыбы: «Торғайлар»

Мақсаты: әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: торғай суреті немесе ойыншық торғай; құс ұясы, бала санына қарай торғайдың және мысық атрибуттары. **Сөздік жұмыс:** торғай, шик-шиқ, ұя.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Марш (М.Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды. Нық басып келеміз, Бір, екі, үш! Көңілді жүреміз, Бір, екі, үш! -деп әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді. Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады. Балалар, мұнда келіндер, Қызықты көріңдер! Торғай ұшып келіпті, Үй үстіне қоныпты, - деп таңғалған болады.	Балалар ырғақты сезіне нық басып жүруге талпынады. «Бір, екі, үш» сөздерін қосылып айтуға әрекеттенеді. Балалар жүгіре басып келіп, торғайды көріп, таңғалады, қызығушылықтанытады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Ұнтаспадан торғайлар даусы естіледі. («Табиғат әуендері» жинағынан) Шик-шиқ етіп дауыстайды, Ешбір құстан цалыспайды, - деп балаларға торғайдың даусын қайталауды ұсынады. Түмсығымен жем шоқып, Тары, бидай тереді, —деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды. «Құстар жем шоқиды» (Е.Тиличеева) әуені ойналып, торғайлардың қимылын бірге көрсетулерін сұрайды. -Балалар, торғайды ағаш бұтасына қондырайық, ал біз бәріміз ән айтып берейік. «Торғай» (А.Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі. -Торғай қалай ұшады? - деп сұрап, балаларға еркін қимылдауға мүмкіндік беріледі. Кәне, қанат жазайың, Көк аспанда самғайың, - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қанқанын көрсетеді. «Құстар» (Л.Банникова) әуенінің ырғағымен ілесе, қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Музыка жетекшісі үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп: Ала мысық пырылдап, Жалыңспайды, ұйыңтайды. Торғайды аңдып шатырдан Күні бойы шықпайды. Мияу-мияу... - деп балаларды - «торғайларды» мысықтан сақтандырады.	Торғайлар даусын естіп, еліктеп қайталауға талпынады. Ойыншық торғайдың қимылына қарап, тізелерін бүгіп отырып, саусақтарымен торғайдың түмсығын бейнелеп, «жерді шоқып» жем жеуін көрсетеді. Балалар отырып, әнді зейін қойып, қызыға тыңдайды. «Шик-шиқ» сөзіне қосыла әндетуге талпынады. Балалар көңілдене торғай қанаттарын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, жеңіл жүгіреді. Әуен ырғағымен бірге ілесе «ұшып», әуен гоктағанда «қонады» - жерге тізе бүгіп отырады. Балалар жетекшінің сөзіне көңіл аударып, мысықты көріп, таңғалады. «Торғайлар» ұшып, шапшаң қимылдауға, мысыққа ұсталмауға әрекеттенеді. Балалар ойынды қызыға ойнайды, белсене қатысады.
Рефлексиялық түзетушілік	Мысық пен торғайлар» ойыны ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды. Шик-шиқ еткен торғайды Қорғамасаң болмайды, - деп балаларға торғайды сипатады. Қамқорлыққа алайың, Ұясына салайың! - деп, торғайды ұясына апарып	Балалар торғайды сипап, қызықтайды. Торғайды ұясына жеткізіп, көмектесуге әрекеттенеді. Көңілді қоштасып, шығып кетеді.

	кіргізеді. Нан қиңымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Жинап алып қастерлеп, Торғашарға тастандар!	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: торғайдың даусын салып, қайталау, эннің сөзін анық айту, көпшілікпен бірге ырғақты сезіне қозғалуды.

Игереді: сюжетті-рөлді ойындарға белсене катысуды.

Меңгереді: қолдарын созып, «канат қағып», жеңіл жүгіру-«ұшуды», эннің жеке сөздеріне қосыла айтуды, кейіпкер-торғайлар рөлін көрсете білуді.

Такырыбы: «Жау, жаңбыр»

Максаты: табиғи дауыспен эн айтуға, энді бірге бастап, бірге аяқтауға, әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: автобус макеті, жаңбыр там- шылары - көгілдір ленталар ілінген таяқшалар; ойыншық қолшатырлар (диаметрі 25-30 см).

Сөздік жұмыс: жаңбыр, тырс-тырс, тамшы, төк-төк, қолшатыр, шуақ.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотиваци ялық- қозғаушы лық	Жетекші балаларды қарсы алады: -Балалар, біз бүгін ойыншықтар дүкеніне барамыз.Дүкенге автобуска отырып, тез жетіп алайық.Автобус макетіне тізіле орналасқан орындықтарға балалардың жайғасып отыруын қадағалайды.«Машина» әні (музыкасын жазған К.Қуатбаев, сөзін жазған Т.Тұяқбаев) орындалып, «жолға шығады». Балалардың көңілді энге қосылуларын сұрайды. «Бип-бип» сөздерін анық, таза айтуға үйретіп, дағдыландырады. Ән аяқталысымен автобустан түсіп, дүкен аралауға шығады. Алдын ала қойылған түрлі ойыншықтарды көріп, атын атап, көрсетулерін сұрайды	Балалар автобуска жайғасады. Балалар энге қосылып, өз дауыстарымен, таза айтуға талпынады. Автобустан түскен балалар «дүкен аралай» бастайды. Балалар зал ішінде еркін жүреді. Ойыншық қоян, аю, мысық, доп, т.б. алып көріп, аттарын айтуға тырысады.
Ұйымдаст ырушылы қ ізденістік	Ұнтаспадан жаңбыр даусы естіліп, күн күркірейді.- Балалар, жаңбыр жауды, дүкеннен қолшатыр сатып алайық.Біз көңілді балдырған, Сескенбейміз жаңбырдан! - деп аяқтарын топылдата жүруді талап етеді. «Жау, жаңбыр» (Т.Сарыбаева) әні орындалып, мазмұнына сай қимылдар көрсетіледі. Балалардың епті, жеңіл қозғалуына мән берілуі тиіс.«Балалар мен жаңбыр» ойыныұйымдастырылады. «Жаңбыр» әуені (Т.Ломова) ойналып, педагог жаңбыр «таяқшаларын» ұстап, зал ішінде жүгіреді. Әуен соңында балалар қолшатырлар астына жасырынып үлгеруі тиіс.Қолшатыр астында отырып:Жаңбыр, жаңбыр, төк-төк,Шыңсын гүлдер көп-көп! -деп айтады. Музыка жетекшісі көңілді дауыспен:Күннің көзі ашылды Алтын нұры шашылды! - дегенде «Балалар полькасы»(М.Глинка) ойналып, балаларға жүгіріп, секіруге еркіндік беріледі. Ойын екі рет қайталанады.Жаңбыр жауып басылды, Күннің көзі ашылды.(Ә.Дүйсенбиев)«Күннен қуат аламыз»психожаттығуы(«Табиғат әуендері» жинағынан).Педагог кілемге жатып көрсетіп, өлең оқиды: Жасыл кілем - көк шөпке Аунап біздер жатамыз.Алтын күнге арайлыБетімізді тосамыз...Күн шуағы арайлыДенемізге тарайды! -деп, балалардың денелерін бос, еркін ұстауын қадағалайды.	Балалар жаңбыр дыбысын естіп, көңіл аударады. Әртүрлі қолшатырларды таңдап алып, қуанады. Сөзді қайталап, аяқтарын топылдата жүреді. Ән мәтініне сай жеңіл қимылдар көрсетеді. Көтеріңкі көңіл күймен шаттана жүгіріп, қолшатыр астына жасырынуға тырысады. Жаңбырды шақырып, бірге қосыла әндетуге әрекет етеді.Көңілді әуенді сезінееріктерінше билеп, секіріпқуанады. Ойын сонындақолшатырларын жинапқояды.Балалар жерге жайғасып отырады. Терезеге қарап,күнге көңіл аударады. Шалқаларынан жатып аяқ-қолдарын созады, көздерін жұмады. Тыныш күйде жатып, әуенді тыңдауға, денелерін бос ұстап, бірқалыпты болуға тырысады.Балалар таппакты қайталайды, әуенді тыңдап, көздерін жұмады. Баяу, сазды әуенді тыңдап, сезінуге талпынады. Күннен қуат алғандай сезініп, керіліп-созылады.

Рефлексиялық түзетушілік	-Балалар, күннен қуат алып, күш жинадық. Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Айдай толған кезімде Би билеймін дөңгелеп, - деп көңілді биге шақырады. Үнтаспада Р.Рымбаеваның орындауында «Айгөлек» әні қойылып, балаларды ортаға шығарады, өз беттерінше еркін билеуге мүмкіндік беріледі.	Балалар екеуден қол ұстасып, айналып, тербеліп, бірге аяқ топылдатады. Қол шапалақтап, шаттана секіріп, өздеріне таныс қимылдарды орындап, көңілді билейді.
---------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты сезіне қимылдау - жүгіру, секіру, әуен аяқталғанда тоқтау, ән мазмұнын түсіну.

Игереді: *әдемі әуен, жаңбыр қатты жауады, күн жарқырайды* деген ұғымдарды түсінеді.

Меңгереді: қолшатырды ұстап, би қимылдарын өз беттерінше орындау, әннің сөзін анық, таза айтуды.

Тақырыбы: «Төлдер»

Мақсаты: театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: текшелер.

Сөздік: «пүшәйт», «шөре», «құрау», «аухау», «көс-көс».

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Марш ырғағымен балаларды қарсы алу. «Марш» (Е. Брусиловский). 1-2 тактілерде: «Сәлем, сәлем, балалар!» -деп марш ырғағымен амандасу. Бірінің артынан бірі, шеңбер бойымен марш ырғағымен жүруді үйрету. 3-4 тактілері. Музыка тоқтағанда, тоқтау керек, музыка ойнағанда әрі қарай маршты жалғастыру. -Балалар, орнымызға жайғасып отырайық. Ән тыңдау: «Төлдерді шақыру». (Д. Ботбаев. Қуыршақ спектакліне лайықтаған Г. Абдрахманова). Текше арқылы балалармен әндете отырып, төлдерді шақыру (қайталау).	Балалар марш ырғағымен кіруді үйренеді, қатарға тұрады. «Сәлем, сәлем! Сәлеметсіз бе?» - деп амандасады. Балалар марш ырғағымен жүреді, тоқтайды. Балалар келіп отырады. Балалар төлдер текшелерін ұстап, дыбыстарын келтіріп жауап беруге тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Балаларды екі топқа бөліп, бір-бірінен сұратып, жауап беруге үйрету. Текшелерді бөліп беру. Барлық төлдерді айтқызады, орындарын ауыстырып қайталатады. «Төлдерді тап» ойыны. Балаларға төлдердің ежелері салынған суретті беру. Пүшәйт-пүйізәйт, шөрешөре, құрау-кұрау, аухау- аухау, көскөс деп төлдерін еркелетіп, енесінің суретінің қасына қою. Балалар, мен «Төлдер» әнін (Б.Ғизатов) айтып берейін, сендер тыңдаңдар. Сөзін қайталап, әнге қосылып отырыңдар. «Ту.іпарым» әніне қамшы ұстап билеуге үйрету.	Бірінші топ: - Қойдан жуас бозымды, шақырамын козымды. Екінші топ: - Пүшәйт, пүшәйт! Балалар суреттерге карап, төлдер текшесін қолына алып, енесіне апаруға тырысады. Балалар әнге қосылады. Балалар биге катысады.
Рефлексиялық түзетушілік	-Балалар, қандай театр болғанын айтыңдаршы. -Келесі жолы төлдерді, ежелерін өздерің ойнайсыңдар. -Өте жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар. Келесі кездескенше аман- сау болыңдар!	Балалар мақтауға қуанады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыстардың айтылуын тыңдауды, «жоғары», «төмен» дыбыстарын айыруды.

Игереді: текшелермен жұмыс жасауды, енесін табуды, төлін табуды. Меңгереді: би ырғақтарын қайталауды.

Тақырыбы: «Мысық кашады, күшік қуады».

Мақсаты: түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: алақандар, ойыншық Ақтөс, Барыс, т.б.

Сөздік жұмыс: Ақтөс, Барыс.

Оқу іс- әрекетіні н кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық,- қозғаушылық	Балаларды Е. Брусиловскийдің «Марш» ырғағымен карсы алу. - Сәлем, сәлем, балалар! Балаларды отырғызып, ойын ойнауға шақыру. Музыкалық дидактикалық ойын: «Көңілді алақандар». Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып, оны тыңдау ынтасын тәрбиелеу. Картон қиындыларынан жасалған көңілді, көңілсіз алақан суреттерін балаларға таратып береді. - Алақандар не істеп жатыр? - Алақандар не істей алады? Ерте, ерте, ертеде Көңілді алақандар өмір сүріпті. Алақандар бір күні ерте тұрып, таң атпай қыдырып кетіпті. Олар бірін-бірі көргеніне катты қуаныпты.	Балалар марш ырғағымен кіреді, қатарласа тұрады. Сәлемдеседі. Балалар жайғасып отырады. Балалар ойын барысын тыңдап, қызығушылығын арттырады. Ұйықтап, қыдырып, билеп жатыр. Балалар кол шапалақтайды. Музыка әуенімен қолдарын жоғары көтеріп жүреді. Алақандар бір-бірімен амандасып, бастарын иеді. Зал бойымен жүріп, алақандарын түйістіреді.
Ұйымдас- тырушылық ізденістік	Ән тыңдау: «Әй-әй бөпем» (қазақтың халық әні, өңдеген И.Оразбаев). - «Көңілді алақандардың» көңіл күйі қандай екен?«Балдыргандар маршы» (К. Қуатбаев). «Қуанамын» (М. Ержанов) музыкасын тыңдап, алақандарын көрсетеді. - Балалар, жарайсыңдар, ал енді ертегі тыңдайық.Әуенді-қимылды қозғалыс. «Ақтөс пен Барыс». «Колхоздағы той» (Е.Брусиловский) әуеніне балаларды шақырып билету.	Балалар әнді мүкият тыңдайды. Алақандарын көрсетеді. Балалар тыңдап, алақандарын көрсетеді. Балалар Ақтөс пен Барысқа карап, қимылдарын бақылайды.
Рефлексиялық түзетушілік	- Балалар, сендерге бүгін қандай қуыршақтар келді? - Келесі жолы өздерің ойнайсыңдар. «Ақтөс пен Барыс» әнін жаттап келіндер. Сау болыңдар!	Ақтөс пен Барыс келді. Балалардың көңіл күйі көтеріңкі болып қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка арқылы «ұйықтау», «қыдыру», «көңілді», «көңілсіз» сипаттарын ажырату.

Игереді: алақандарды ұстап көрсетуді.

Меңгереді: ырғақты қимылдарды.

Тақырыбы: «Тауық пен балапандар»

Мақсаты: дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Аспаптардың дыбысталу тембрін айыру. Әнді орындауға баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: тайтұяқ, асатаяқ, үйшік, баскиім- дер, көңілді текше.

Сөздік жұмме: сырт-сырт, зың-зың, асатаяқ, тайтұяқ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды К.Қуатбаевтың «Бөбектер биі» әуенімен қарсы алу; балалардың жеңіл, көңілді, жылдам ырғақпен жүруін қадағалау. Сәлем, сәлем, балақай!Ән айтамыз, би билейміз, алақай! «Орман шуы» әуені тыңдалады. Күн күледі, жадырайды. Құстар келіп сайрайды. Кел, балалар, келіндер, Ертегіге еніңдер!- Балалар, қазір бәріміз тоғайғабарамыз, көбелек болып ұшамыз,қанаттарды қағамыз, гүлге келіп қонамыз.Арыктан аттаймыз, алысқа қараймыз.	Балалар залға қатарласып, аяқ ұшымен кіруге үйренеді, қатарласып тұрады. Құстардың сайраған дыбысын тыңдайды. Шеңбер бойымен жүреді, ұшады, қанаттарын қағады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	- Балалар, мына қырдың басында тауық сайран салады. Ән салады, ойнайды, балаларға қарайды.«Шашу» әуенімен (Е.Брусиловский)ортаға тауық келеді. - Балалар, біз тоғайдағы тауықтыңүйіне жақындап қалыппыз.«Тайтуяң пен Асатаяқ» (музыкасынжазған А.Райымқұлова) әнін тауық айтабастайды.Балалар, тауықтың әні сендерге ұнады ма? Ненің дыбысын естідіңдер? Тауық: Қыт-қыт-қыт. Мен балаларға үрмалы аспаптар алып келдім.(Тайтұяқ пен асатаяқты көрсетіп, бірге айтуды, ұстауды, ұруды үйретеді. Әнді қайталап айтады).Тауық: Балалар, сендер менің балапандарымды көрген жоқсыңдар ма? Қайда кетті екен, э? (Тауық кетеді). Балаларға сары баскиімдер кигізіп, оларды үйшіктін артына жасырып қою. Тауық келіп балапандарын іздейді, үй артынан көріп, қуады. Балапандар қашады. Тауық қуанып, жетекшіні биге шақырады. «Шөжелерім» (Г.Гусейнли,Н. Мұталлибов, ауд. М.Әлімбаев).Би қимылдарына үйрету. Тауық: Балапандарым, мен сендерге «Көңілді текше» сыйлаймын.«Көңілді текіе» ойынын түсіндіру. Тауық ризашылығын білдіріп, кетеді.	Балалар отырып, тыңдайды. Балалар әнді қызыға тыңдайды. Балалар жауап береді. Балалар аспаптарды алып, ұруды, қағуды, әнді қосыла айтуды үйренеді. Көрген жоқпыз. Балалардың тығылудан эмоциялары оянады, қашады. Би қимылдарын жасауға талпынады. Балалар текше суреттеріне қарап, аң, жануарларды есіне түсіреді.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар, біз бүгін қайда бардың? -Нені кездестірдік? -Тауық бізге ән, биін, ойынын сыйлады. Келесі жолы тағы да ойын ойнап, билеп қайталаймыз. Жарайсыңдар! Қош болыңдар!	Балалар тоғайға барғанына, көргендеріне риза болады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыстарды қалыптастыруды, аспаптардың тембрін айы- руды.

Игереді: аспапты ұстауды, қағуды, текшені үлестіруді.

Меңгереді: музыка әуенімен қанаттарын қағуды, аяқұшымен жүруді

Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?»

Мақсаты: музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын эрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.

Көрнекі құралдар: аула көрінісі, үйшік алдында күшік, мысық, жа - йылып жүрген ойыншық үй жануарлары.

Сөздік жұмыс: «мә-мә», «бө-бө», «мө-мө», «мияу», «әуп-әуп».

Оқу іс-эрекетін ін кезеңде рі	Музыка жетекшісінің іс-эрекеті	Балалардың іс-эрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, әженің суретін көрсетіп, қонаққа баратындарын айту. - Әжеміздің ауылына құлыншаққа мініп барайық. Үнтаспада «Тұлпарым» (Б.Бейсенова) әні орындалып, балаларға құлыншақ шабысын көрсетіп, қайталауларын сұрау. Ән аяқталғанда балалар үйшік алдына келіп тоқтайды. Үйшіктен эже-педагог шығып балаларды қарсы алады.	Балалар қуана келісіп, «құлыншаққа отырып», әуен ырғағымен жүгіре басып, шабысын көрсетуге талпынады. Балалар «аттан түсіп» әжемен амандасады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Музыка жетекшісі әжеге балалардың үй жануарлары туралы білгісі келетінін айтады. Әже үй жануарлары туралы өлең оқып, «Не қалай дыбыстайды?» ойыны (жинақта) арқылы балаларға сұрақтар қояды. Секендеген лагым, Лагым менің, шұнағым Қалай дыбыстайды? Балаларға карточкадан лактың суретін көрсетіп, дауысын салып берулерін сұрайды. Музыка жетекшісі лақ маңырайды деп түсіндіреді. Күзетші күшік - сашұлаң, Үй күзетіп іиащылап, Дыбыс шыңса қаттыраң Қалай, қалай үреді? (Сұрақтар жалғасады). Музыка жетекшісі балаларға: «Әжемізге өзіміздің ойыншықтарымыз туралы ән айтып берейік», - деп ұсынады. Ән тындау: «Ойыншықтар» (музыкасын жазған И.Нүсіпбаев, сөзін жазған Н.Әлімқұлов). Балаларға ойыншықтар ұстатып, әнді екінші рет қайталап, мәтінге сай қимыл-қозғалыс жасауға машықтандырады. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалардың мимикалық қимылдарын (жымыю, кабак түю, т.б.) бақылайды. «Анасын тап» ойынын (жинақта) ұйымдастырып, үй жануарлары туралы түсініктерін бекітеді. Балаларға «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, карточкадағы төлдің суретін анасының суретінің қасына тауып қоюларын сұрайды. Мысалы: Қара көзі мөлдіреп, Жібек жүні үлбіреп, Анасын іздеп келеді. Бұл не? Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салады. Ойын эрі қарай жалғасады.	Ойынға көңілді қатысып, жауап беруге тырысады. Лактың суретін көрсетіп. «мә-мә» деп маңырап дауысын салуға талпынады. Балалар күшіктің суретін тауып көрсетіп, «әуп-әуп» деп қуана дыбыстайды. Балалар өздері таңдаған ойыншықтарын алып шеңбер бойымен отырады. Әнді құлшына тындап, түсінуге тырысады. Әннің 1-шумағында ойыншықтарды ұстап, жоғары көтере қимылдатады. шумағында тізерлеп отырып, «тербетеді»- ұйықтатады. шумағында жерге қойып, сүк саусағын көтере «ұрысқан» кейіп танытады. Балалар ойынға қызығушылық танытып, көңілді қатысады.

		Төлдердің суреттерін дәл тауып, кимылын салып көрсетуге талпынады.
Рефлексиялық-Түзетушілік	- Балалар, әжеміздің ауылы ұнады ма? Қандай төлдер бар екен? Олар қалай дыбыстайды? Қалай жүреді екен? - деген сұрақтар қойып, еске сақтауларына ықпал етеді. - Әжемізге рақмет айтып, қоштасып, тобымызға барайық. Құлыншакка мініп, тез жетіп алыңдар! Үнтаспада «Тұлпарым» әні ойналады	Балалар жауап береді. Төлдердің атын атап, жауап беруге тырысады. Әжемен қоштасып, әуен ырғағымен «шауып» шығып кетеді

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сөздерін анық айтуды, хормен айта білуді, төлдердің дыбысын салуды.

Игереді: ойын арқылы төлдер туралы біліп, *лақ маңырайды, бұзау мөңірейді, күшік үреді* сияқты түсініктерді.

Менгереді: музыка сипатына сәйкес қозғалып, еркін қимылдайды, төлдердің кимылын сахналайды, ауыспалы ән сипатын ажырата алады.

Тақырыбы: «Көңілді би»

Мақсаты: би кимылдарын еркін орындауға, түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу, дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.

Көрнекі құралдар: үстел үсті қуыршақ театры, ойыншық қоян, түрлі түсті әшекейлер (қағаз немесе лентадан жасалып, таяқшаға бекітіледі). **Сөздік жұмыс:** тез, ақырын, катты, жай.

Оқу іс-әрекетін ін кезеңде рі	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларды есік алдынан қарсы алып, қуыршақ театрына шақырады. Театр шымылдығы ашылып, ішінен қуыршақ қоян көрінеді. Қоян балалармен сәлемдеседі. - Балалар, мені танысындар ма? Мен қоянмын, қоянмын, Сәбізді жеп тоямын. Жемістерді көп жинап, Қысқа сақтап қоямын. - Балалар, менін сендермен танысым келеді. Сенің атың кім? - деп бір баладан сұрайды. Ал сенін ше? – деп барлық балаларды өз аттарын айтуға ынталандырады. - Балалар, сендер мен сияқты катты қол шапалақтай аласындар ма? Енді жай шапалақтап көрсетіндерші. Аяқтарыңды тез топылдата аласыңдар ма? Ал енді ақырын, жай топылдатындаршы, - деген ұсыныстар арқылы балаларды дыбыс ұзақтығын, тембрін ажырата білуге үйретеді. - Балалар, қоянға арнап такпак айтып берейік:	Балалар жайғасып отырады. Қоянмен қуана амандасады, жауап беруге талпынады. Балалар қоянға қарап, қызығушылық танытады, кимылына еліктейді. Өз аттарын кезекпен айтып, танысуга талпынады. Бірге көңілдене катты шапалақтайды және жай шапалақтауға тырысады. Аяқтарын тез және ақырын топылдатуға әрекет жасайды.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Ақ қоян, ақ қоян, Ұзын құлақ сап; қоян, Аң қоян, ақ, қоян, Жүйрік аяқ сақ қоян! - деп балалардың кимылмен көрсетулерін сұрайды. Қоян балаларды әрі қарай көңілдендіру мақсатымен: - Сендер мен сияқты секіре аласындар ма? Кәне, бірге секірейікші! - деп ұсыныс жасайды. «Қояндар» (Е.Тиличеева) әуеніне ілесе секірулерін сұрайды. - Рақмет, балалар! Мен әдемі әшекейлер ала келдім, сендерге сыйлаймын, - деп балаларға шымылдық ішінен ұсынады. Әшекейлер әдемі Бірге тербеледі. Қолымызда жарқырап, Сәнге бөленеді, - деп әндетеді. Балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. «Әшекейлермен би» (А.Жилинский). Педагогтің көрсетуімен би екі рет қайталанады.	Балалар өлеңнің мазмұнына сай қоянның құлағын, жүйрік аяқтарын көрсетеді. Балалар ырғақты сезіне қоянмен бірге көңілдене секіреді. Балалар театр ширмасының алдына келіп, қояннан әшекейлерді алады. Әшекейлерін көтере тербеледі, қозғай түсіп, айналады. Педагогтің кимылын қайталап, бірге жасауға талпынады.

	Әшекейлерді дұрыс ұстап, қозғап, айналу үйретіледі. - Ал енді қоянды көңілді биге шақырайың, балалар. «Отырып-тұру» (эстон халық әуені, өндеген А.Роомере, сөзін жазған Ю.Энтин, аударған И.Сапарбай) әнін орындап, педагог қоянды ұстап, балаларға би қимылдарын көрсетеді. Балалардың жұптасып тұруларын, би қимылдарын ырғақты сезіне орындауларын бақылайды.	Әннің мазмұнын түсініп, бірге қозғалуға тырысады. Жұптаса зал ішінде еркін қозғалады. Бір-біріне иіледі, тізелерін бүгеді, айналады, қолдарын екі жакка созады, шапалақтайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Қоян (қайтадан театр ширмасынан көрініп): Балалар, маған сендермен бірге болған ұнады. Өнерлі, әнші, биші балалар екенсіңдер! Музыка жетекшісі: Қояннан не үйрендіңдер? Қоян қалай қол шапалақтайды екен? Аяқтарын қалай топылдатады екен? - деп сұрайды. - Ақ қоянға рақмет айтып, қоштасайың. Ақ қоян, ақ қоян, Ұзын құлақ, саң қоян. Ақ қоян, ақ қоян, Сау болып тұр, ақ қоян!	Балалар қоянды көріп, қолдарын шапалақтап, ризашылығын білдіреді. Сұрақтарға жауап беріп, көрсетуге әрекеттенеді. Тақпақты бірге айтып, қол бұлғап қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сөзін анық айтуды, көпшілікпен әнді бірге бастап, аяқ- тауды, би қимылдарын қайталап көрсете білуді.

Игереді: қатты және ақырын, тез және жай ырғақтарын сезінуді, ауыспалы сипаттағы әнді орындауды.

Меңгереді: кейіпкер қоянмен «әңгімелесу» - диалог құруды, әшекей- лер ұстап билеуді, ырғақпен айналу, иілуді.

Тақырыбы: «Қайсы екен қолымыз?»

Мақсаты: музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуге, қуана білуге баулу. Көркем-ойындық бейнелерге тән қимылды көрсете білуге, дене мүшелерін атап, көрсете алуға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: қуыршақ Айжан.

Сөздік жұмыс: міне, қайсы, құлақтар, аяқтар, қол, жай-жай, тез-тез.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	«Көңілді би» (Ө.Байділда) орындалып, балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. әуеннің екінші бөлімінде аяқты нық басып, адымдап жүрулерін бақылайды. Әуен аяқталысымен музыка жетекшісі қуыршақ Айжанды алып ортаға шығады. Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, көңіл көтермекші екен. Кәне, қандай ойыннан бастайық? Бәрімізге ұнайтын «Санамақты» айтып берейік.	Балалар жеңіл жүгіреді, аяқтарын ырғақпен нық басып жүреді. Қуыршаққа назар аударып, тандана қарайды. Қолынан ұстап, амандасуға әрекеттенеді. Санамақты бірге айтады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, санамақты саусақтарын көрсете, дауыстап айтуларын қадағалайды. Қуыршақ – Айжан сендерге «Бұл не?» деген ән-ойынын орындап бермекші. Мұқият тыңдардар! – деп қуыршақтың қолын қозғап, ән мазмұнын түсіндіреді. Ертемен күнде сен қолыңа сүйкесең, кетіп кір, ласың, тап-таза боласың. Бұл не? Балалар, кәне, Айжанға тап-таза қолдарымызды көрсетейікші. Біз қолымызды күнде сабынмен жуамыз. Міне, біздің қолымыз! Енді отырып ән тыңдайық. Ән тыңдау: «Қайсы екен?» (музыкасын жазған Б.Дәлденбай, сөзін жазған А.Меңжанова). әнді екінші рет орындағанда балалар шеңбер бойымен тұрып, педагогтің көрсетуімен мәтінге сәйкес қимылдарды жасайды. Қуыршақ Айжанмен ойы ойнайық. Әуенді – ырғақты ойын «Жай және жылдам» (музыкасын жазған Е.Хасанғалиев, сөзін жазған А.Асылбек). балаларға әннің мазмұнына және ырғағына байланысты жай және тез шапалақтап, аяқтарын топылдату керек екенін түсіндіреді. Балаларға жеке сөздерге қосылып, әндете айтуды ұсынады.	Балалар шеңбер бойымен тұрып, саусақтарын ашып, бүгін көрсетуге тырысады. Ән мазмұнына сай қимылдарды қайталап көрсетіп, «Бұл не?» деген сұраққа шамалары келгенше жауап береді. Екі қолдарын жоғары көтеріп, мақтанады. Балалар әнді ынта қойып тыңдайды. Ән сұрақтарына жауап беруге талпынып, қолдарын, аяқтарын, құлақтарын көрсетеді. Қуыршақпен ойынға қуана келіседі. Ырғақты көрсете жай және қатты, тез және ақырын шапалақтап, аяқтарын топылдатуға машықтанады.
Рефлексиялық түзетушілік	Балалар, қуыршақ Айжанның билегені ұнады ма? Қолы қалай екен? Аяқтары қалай топылдайды? Тез-тез қалай шапалақтайды екен? – деген сұрақтар қойып, жауаптарына ризашылығын білдіреді. Балаларды мақтап, көңілдерін көтеруге тырысады.	Балалар қуыршақтың және өздерінің қолдарын көрсетеді. Көңілдене қол шапалақтап, аяқтарын топылдатады. Қоштасып, шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты ажыратуды, әуенді тыңдап, сезіне білуді, би қимылдарын қайталап көрсетуді.

Игереді: «жай» және «тез» ұғымын түсініп, әуенге ілесе сәйкес қимылдар жасай алуды.

Меңгереді: ән мәтініне сәйкес дене мүшелерін атап, көрсете алуды, ырғақты сезініп, тез және жай шапалақтауды, аяқтарын ырғақпен топылдатуды.

Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар?»

Мақсаты: музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: сылдырмақтар салынған, безендірілген қорап.

Сөздік жұмыс: сылдырмақ, сылдыр-сылдыр, әні, сәні, әдемі.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Ұнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды өңілді қарсы алады. Музыка жетекшісі балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. «Серуендейміз, демаламыз» әуені (М.Краев) ойналып, 1-бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2-бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды.	Қуанышты көңіл күймен өз еріктерінше еркін қимылдап, билейді. Балалар зал ішінде жұптаса, шашырап жүріп «серуендейді». Ырғақты тыңдап, бірге шапалақтауға талпынады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Ән аяқтлысымен залдың ортасына безендірілген қорап әкелініп, балалардың көңілін аударады. Балалар, мынау әдемі қорапта не бар екен? Келіндер, бірге ашып көрейік, деп балалардың қызығушылығын арттырады. Музыка жетекшісі қораптан салдырмақтарды алып: қызыл, жасыл сылдырмақ, үн қатады сылдырлап, деп, қозғап, ойнап көрсетеді. «Сылдырмақты серуен» (Тезекбаев). Сылдырмақты алайық, әсем әнге салайық. Ән тыңдау: «Сылдырмақ» (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев, сөзін жазған И.Сапарбай). Әннің 1-шумағын қайталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып, қолдарымен беттерін жабуды ұсынады. Ортада әлі ойын бар, кәне, шыға қойыңдар!- деп әндетіп, балаларды келесі ойынға шақырады. «Сылдырмақпен ойын» («Балалар биі» музыкасын жазған А.Майкапар) педагогтің көрсетуімен ұйымдастырылады. екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуге үйретеді. Балаларға ойын соңында шығаршықтарға кіріп, жасырынып үлгеру керек екенін түсіндіреді. Ойынды екі рет қайталауға болады.	Балалар қораптағы затты көрмек болып, қызығып, жақын келеді. Балалар қуанып, қызығушылықтары артады, көңілдене түседі. Педагогтің қимылын қайталайды, бірге жасауға талпынады. Ұнатқан сылдырмақтарын таңдап алып, көреді, сілкіп дыбысын шығаруға тырысады. Әуенді ұйып тыңдап, қосылып айтуға әрекеттенеді. Ырғақты сезіне сылдырмақты сілкіп ойнап, шаттанады. Балалар тізерлеп отыра қалып, беттерін жауып жасырынады. Шеңбер бойымен тұруға талпынады. Сылдырмақтарын жоғары көтеріп, сілкіп ойнап, зал ішінде шашырап жүреді.
Рефлексиялық түзетушілік	Апайларды тыңдаймыз, сылдырмақты жинаймыз! – деп, балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды. Сылдырмақтың даусы қандай? Бүгінгі серуен ұнады ма? Сұрақтар қойып, балалардың сөйлеп, жауап беріп дағдылануына ықпал етеді. «Серуендейміз, демаламыз» (М.Краев) ойналып, балалар қол ұстасып шығады.	Балалар сылдырмақтарды қорапқа салады. Сылдыр-сылдыр. Иә, ұнады! Балалар қол ұстасқан күйі көңілдене шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: екеуден қол ұстасып жүруді, айнаруды, көппен бірге әнге қосылуды.

Игереді: жылдам және жай әуендерді ажыратуды, әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.

Меңгереді: сылдырмақты ырғақпен сілкіп, қозғап ойнай алуды, ауыспалы әуенді тыңдай білуді.